

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 131 (9708)

1955 жылғы

3 июль

Жексенбі

Шығуына 36 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР ТЕЗ ЖОЙЫЛСЫН

Бәзір облысымызда жемшөптің мол қорын жасаудың шешуші кезеңі туды. Бұл күндер—шөп шабу, шабылған шөпті маялау, малазығындық дақылдарды, әсіресе жүгері, күнбағыс, картоп, өмөщ, тамыр-жемісті өсімдіктерді күтудің жауапты мерзімі. Бұл жұмыстарды бір бірімен ұштастыра жүргізу колхоздар мен совхоздардың жемшөпті мол әзірлеуін, сөйтіп шаруашылықтардың алдағы мал қыстату маусымын табысты өткізуін және мал шаруашылығы өнімдерін едәуір арттыруларын қамтамасыз етеді.

Мұны жете түсінген алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздар шөп шабуға барлық мүмкіншіліктерін жұмылдырып, бұл жұмысты егін жыйнау маусымы басталғанға дейін аяқтауды және қысқы маусымға тыңғылықты әзірлікпен кірісуді жоспарлап отыр.

Жекелеген шаруашылықтар мен көптеген пішеншілер мал азығын мол дайындау жолындағы социалистік жарысты күннен күнге өрістетіп, үздік табысқа жетуде. Ленин ауданындағы Явленка совхозының коллективі шөп шабуға алда келеді. Мұнда соңғы бескүндіктің тапсырмасы 111,8 процент орындалды. Совхоз басшылары пішеншілердің өнімді еңбек етуіне барлық жағдайлар жасаған. Осының нәтижесінде пішеншілер шөп шабуға, шөп жыйнауға, шөп маялауға күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап жүр. Совет ауданындағы «Победа» колхозында шөп шабатын Шағлы МТС-нің машинистері В. Цимбалюк, А. Фельц жолдастар күн сайын 1,5—2 нормаға дейін орындайды. Бұл келтірілген жекелеген мысалдардың өзі облысымызда жемшөп дайындауды қарқынды жүргізуге және бұл жөніндегі жоспарды мерзімінде орындап шығуға мүмкіншіліктің барлығын көрсетеді.

Алайда, кәзіргі жұмыстың барысы шөп шабуға елеулі кемшіліктердің орын алғандығын көрсетіп отыр. Бірқатар колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшылары шөптің қалың болып өсуін күттің, бұл істе баяулыққа жол берді. Сонымен бірге олар шаруашылықтардың бұл

жа, Аманкелді, Ленин, Дзержинский, Молодежный, Епін, Интернационал совхоздары мал азығын дайындауға шындап кіріскен де жоқ.

Шөп шабудың барысы қанағаттанғысыз болумен бірге шабылған шөпті маялау қарқыны мүлдем нашар. Колхоздарда 1 июльге дейін 60 мың гектардай шабылған шөп маяланған жоқ. Калинин атындағы (директоры Елкин жолдас), Ильич атындағы (директоры Букатин жолдас), Петропавл (директоры Данилов жолдас) МТС-терінде шабылған шөптің тең жартысы шабындық күйінде немесе кіреде жатып сапалылығын жоюда. Аталған МТС-терде шөп маялағыштардың тең жартысына жуығы жұмысқа қатыспайды. Мұның өзі шөптің кезінде маяланбауына тікелей әсерін тигізуде.

Быйлы ауа райының қолайсыз болуына байланысты колхоз, совхоздардың алдында жемшөп базасын ағаш, тал, шілік жапырақтарын жыйнау, құрақ шабу есебінен толықтыру міндеті тұр. Соколов, Мамлют аудандарының бірқатар колхоздары бұл іске айырықша маңыз беріп, оны үлгілі ұйымдастырды. Бұл жеңіл аударарлық іс. Дегенмен Ленин, Октябрь, Преснов және Совет аудандарының колхоз, совхоздарында бұл жұмыстың ұйымдастырылуы мүлдем қанағаттанғысыз. Көпшілік колхоздар бұл іске кіріспей отыр. Міндет—құрақ шабуды, ағаш, тал, шілік жапырақтарын жыйнауды кеңінен өрістетуге, бұл жұмысқа колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын кеңінен қатыстыру болып саналады.

Жемшөп дайындаудың барысына МТС-тер мен совхоздардың мал мамандары күнбе-күн нақтылы басшылық жасауға тиіс. Көп жерлерде мамандар бұл жұмысты өз міндеттері деп санамайтын болған. Бұған бір мысал келтірейік. Тимирязев атындағы МТС-тің қамтуындағы Ворошилов атындағы, Сталин атындағы колхоздарда шөп шабу өте-мөте нашар ұйымдастырылған. Бұларда шөп шабу мен маялаудың арасында көптеген алшақтыққа жол берілуде. Бұл колхоздарда МТС-тер



СОВЕТ АВИАЦИЯСЫ—ХАЛЫҚ МАҚТАНЫШЫ

Бейнелеу искусствосының Мемлекеттік баспасы басып шығарған суретші В. Сурьяниновтың плакаты. (ТАСС-тың фотохроникасы).

Бүгін—ССРО Әуе Флоты Күні

Халқымыздың бейбіт жемісті еңбегін қырағы күзетуші совет сұңқарларының даңқы арта берсін!

Облыс колхоздарында пар жырту мен тың көтерудің барысы

1 ИЮЛЬДЕГІ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Пар жырту	Тың көтеру	Аудандар	Пар жырту	Тың көтеру
Мамлют	69,8	51,1	Конюхов	49,1	19,6
Соколов	68,6	36,3	Будаев	47,7	30,3
Октябрь	59,7	55,3	Преснов	47,0	34,4
Ленин	52,4	44,7	Совет	45,4	41,2
Полудень	51,6	40,1	Приешім	42,0	32,2
			Петропавл	34,0	27,0

Пар және тың жыртудың ең қолайлы мерзімі өтіп бара жатса да, облыс колхоздарында бұл істің барысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Оған пар жыртудың қарқыны өткен жылға қарағанда быйлы едәуір төмендеп кеткендігі толық дәлел. Өткен жылы бұл мерзімге дейін пар жырту жоспары 62,1 процент орындалса, быйлы небары 52 процент ғана орындалды. Мұның өзі жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшар-

уашылық органдарының қолда бар мүмкіншілікті жете пайдаланбайтындықтарын көрсетеді.

Тың көтерудің тағайындалған мерзімі өтіп кетті. Солай бола тұрса да, тың көтерудің жоспары небары 40 процент қана орындалып отыр. Сондықтан МТС-тердің, колхоздардың барлық мүмкіншіліктері тың көтеруді таяудағы күндер ішінде аяқтауға жұмылдырылуы керек.

Облыс колхоздарында траншеялар қазудың барысы

1 ИЮЛЬДЕГІ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША

МТС-тер	Жоспардың орындалу проценті (теңшеметр есебімен)	МТС-тер	Жоспардың орындалу проценті (теңшеметр есебімен)
Ворошилов	71,7	Куйбышев	36,6
Тимирязев	70,1	Соколов	36,2
Преснов	61,9	Чапаев	36,0
Чистян	61,1	Семиполка	29,9
Ново-Георгьев	58,8	Налобин	26,9
Шағлы	58,7	Интернационал	25,5
Полудень	57,3	Приешім	23,8
Николаев	56,6	Коновалов	22,2
Суворов	53,4	Майбалық	21,9
Вильямс	53,4	Торанск	21,9
Совет	52,9		

жасауға еткен жоқ. 1 июльге дейін шөп машиналарының совхоздарда небары 80 процентінің, МТС-терде 81 процентінің ғана жөнделуі бірқатар МТС, совхоз басшыларының жемшөп дайындау ісін жете бағаламағандықтары, бұл жұмысқа атүсті басшылық жасайтындығын дәлелдейді.

Шөп шабуда артта қалып келе жатқандардың бірі — Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздар. Мұнда шөп шабу жоспары 1 июльге дейін небары 23,9 процент ғана орындалды. Егер МТС директоры Ломазов, МТС партия ұйымының секретары Зимин жолдастар шөп машиналарының жұмысқа толық қатысуын және олардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз еткен болса, онда жағдай едәуір жақсы болған болар еді. Сартомар МТС-і қамтуындағы колхоздарда бйыл шөптің шығымы жақсы болды. Бірақ МТС, колхоз басшылары шөп шабу жұмысын үлгілі ұйымдастыра алмай келеді. Пішеншілердің өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайлар туғызылауы себепті МТС-те шөп шабу жоспары небары 15 процент ғана орындалып отыр.

Шөп шабу қарқыны, әсіресе облыс совхоздарында қанағаттанғысыз екендігін айта кету керек. Бұларда жұмыстың қарқыны колхоздарға қарағанда көп кем болып отыр. Әлі күнге дейін бірқатар совхоздар, атап айтқанда — Заря, Марьев-

муравьева, Нахмурная, жолдастар тұрады. Бірақ олар шөп шабу науқаны басталғалы пішеншілер бригадасында бірде-бір рет болмаған. Ал, МТС директоры Хлабыстов жолдас олардан маалзығын дайындауға нақтылы басшылық жасауды талап етпейді.

Кейбір колхоз, совхоз, МТС басшылары жұмыстың барысын шабылған шөптің гектарына қарай бағалаушылық сыяқты зиянды әдетке түскен. Бұл дұрыс емес. Партия, совет ұйымдары дайындалған пішеннің тоннасына, сапасына қарай жұмысты бағалауы, іске осы тұрғыдан басшылық жасауы керек.

Жемшөптің мол дайындалуы пішеншілердің өнімді еңбек етуіне байланысты. Олай болса, колхоз, совхоз, МТС, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, жергілікті Советтер пішеншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетіп, пішеншілердің социалистік жарыста алған міндеттемелерін мінсіз орындап отыруларына жетісулері керек.

Жемшөп дайындауға қолда бар мүмкіншіліктерді зерттеп, толық пайдалана білу — мал шаруашылығын өркендету жөнінде алда тұрған міндетті аброймен орындап шығуға келелі үлес қосады. Міне, сондықтан да жемшөп дайындаудағы кемшіліктерді тезінен жойып, жұмыс қарқынын мейлінше күшейту кәзіргі аса маңызды міндет болып саналады.

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

3 июль 1955 жыл

№ 108

Москва қаласы

Жолдастар, ұшқыштар мен итурмандар, инженерлер мен техниктер, әуе атқыштары мен радиопышлар, авиация механиктері мен моторшылар, авиация өнеркәсібінің қызметкерлері!

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Бүгін совет халқы және оның Қарулы Күштері ССРО Әуе Флоты Күнінің мейрамын, авиациямызды дамытуда қол жеткен жаңа табыстарын атап өтеді.

Ұшқыштардың және Қарулы Күштер авиациясының барлық адам құрамының кәзіргі заманның авиация техникасын меңгеруде және біздің әуе флотымыздың қуатын арттыруда бұдан былай да табыстарға жете беруін тілеймін.

Азаматтық Әуе Флоты ұшқыштарының өздерінің шеберліктерін үздіксіз жетілдіре беруін, ДОСААФ-тың спортшы-ұшқыштарының жаңа спорттық рекордтар жасауын тілеймін.

Авиация өнеркәсібі конструкторлары мен барлық қызметкерлерінің ғылым мен техниканың ең жаңа табыстары негізінде совет авиациясын дамыту ісінде тағы да жаңа табыстарға жетуін тілеймін.

Әуе Флоты Күні құрметіне **Бұйырамын:**

Бүгін, 1955 жылғы 3 июльде, Отанымыздың астанасы — Москвада және Одақтас республикалардың астаналарында артиллериядан жыйырма дүркін атылып, салют беріледі.

Совет Әуе Флоты жасасын!

Ұлы совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Туысқан Совет Үкіметі жасасын!

Совет халқының коммунизм құру жолындағы күресіндегі ұлы дембелуші және бастаушы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

**ССР ОДАҒЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ
СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ Г. ЖУКОВ.**

ССРО Әуе Флоты Күні құрметіне

3 июль — ССРО Әуе Флоты Күні. Бұл мейрамды бүкіл еліміз салтанатпен атап өтеді. Кәсіпорындарда, әскери бөлімдерде, соғыс корабльдерінде, колхоздар мен совхоздарда Отандық авиацияның даңқты тарихы туралы совет авиаконструкторларының және самолет жасаушыларының жеткен табыстары туралы, ұшқыштардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаһармандық ерліктері туралы баяндамалар мен лекциялар өткізілуде. Әуе Флоты Күніне арналған баяндамалар мен лекциялар кәзіргі өзінде Москваның Сталин атындағы автомобиль, Киров атындағы «Динамо», «Серп и молот» заводтарында, екінші Сағат, Каганович атындағы мемлекеттік подшпник заводтарында, Молотов атындағы шойын құю заводында, сондай-ақ астананың басқа да кәсіпорындарында болып өтті.

Армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамның Москва қалалық комитеті «Сокольники», Сталин атындағы, Измаил мәдениет және демалыс парктерінде, Совет Армиясының

М. В. Фрунзе атындағы Орталық үйінің авиация көрмелерін ұйымдастырады. Бұларда планерлер, парашюттер, аэродинамикалық трубалар, самолеттердің модельдері, авиация моторлары қойылады.

Москва маңындағы, ДОСААФ аэродромында астана авиамодельшілерінің жарысы аяқталды. «Шағын авиацияны» жасаушылар модельдерді ұзақ және шапшаң ұшыру жөнінде командалық және жеке бірінші орын алу үшін жарысты.

Минскінің еңбекшілері Совет Одағының Батырлары — Отан үшін болған ұрыстарға қатысушылардың есте қалған әңгімелерін зейін қойып тыңдауда. Бакуде ДОСААФ Азербайжан республикалық комитетінің авиатехника клубына адамдар толы болады. Клубтың лекторлары мұнайшыларға, теміржолшыларға, жеме жөндеушілерге барып, лекциялар оқыды. Сталинабадтың кәсіпорындары мен жоғары оқу орындарында совет авиациясына арналған фотокөрмелер ашылды. Ленин атындағы Орталық мәдениет және демалыс паркінде үлкен көрме ашылады.

Жону станогінде істейтін орта бойлы, кең ыйықты, сом білекті жас жігіт темірдің бір кішкене бөлшегін қолына алды да оны штангел өлшеушімен қайта-қайта өлшеп, қарап тұрды. Аздап кейін ол бөлшекті кесу станогінің бұрандалы қысқашына қысты да электр моторына тоқтың қуатын жіберді. Мотор қозғалысқа келіп, зырылдап айнала бастады. Станоктың ауыр ползуны (бөлшек қойылатын жалпақ шойын) бір ілгері, бір кейін қозғалып тұрды. Ал кескіш бұрандалы қысқашқа мықтап орнатылған кішкене бөлшекті таснадай тіліп жатты.

Өлгі жігіт электр моторының жүрісін баюлатып, дайын болған бөлшекті қысқантан алды. Ол өзі-өзінен «өте жақсы» деді де бөлшекті жыйнау цехына жіберді.

— Іске сәт, — деген бізге жас жігіт күле қарап, бас ізеп амандасты да жұмысыменен шұғылдана берді. Бірақ, біздің жұмыстың жайымен танысқалы келгенімізді сезген ол бөлшектің дала кукнялары үшін дайындалып жатқанын екі-үш ауыз сөзбенен ғана түсіндірді.

Түскі үзіліс. Цех мастері Владимир Перевалов оған қарап:

— Саша, қыймылда, жарыста қалып қойма, — деді.

Болат жонудың жас шебері сымайылықпен:

— Біздің цехта озаттар аз емес. Жолдастарымның қайсысы болса да айлық тапсырмаларын біржарым еседен кем орындап көрген жоқ. Кім білейн, қалып қоймаспын деген үмітім бар.

Бұл Петропавл шойын құю-таразы заводының механикалық цехы еді. Кең

Жаңашыл жұмысшы

залдың ішіне кіріп келгенде оның өне бойын алып жатқан станоктар мен оларда аралуан жұмысты атқарып жатқан шеберлерді көресіз. Станоктардың темірлерді кесіп, қырып, мінеп жатқандағы гүрлідеген дауысы кең залды жаңғыртады. Бірақ бұл жұмысшылардың көңілін бөлер емес. Жұмыс сағат сайын қыза түсуде.

Бізді цех жаңалықтарымен таныстырып келе жатқан Владимир Перевалов оң жақтағы жону станогінде аса бір ұқыптылықпен темір бөлшегін бауырдай тіліп жатқан жігітті көрсетіп:

— Міне, бұл бесінші разрядты жонушы, цех мақтаншы Александр Кузнецов — деді.

Александр Кузнецов 1948 жылы заводқа үйренуші болып келген-ді. Өз мамандығын сүйген жас, жонушы болу жолында көп ізденді. Темір бөлшектерін кәлеміне сай, дәл жону үшін сабырлылықта, ұқыптылықта, білім де керек. Сол үшін ол жұмыс үстінде бірнеше жыл бойы шеберлерден үйренді. Қарт жұмысшылардан ақыл, кеңес сұрады. Көбінесе Шениннің «Жону станогі» туралы жазған кітапшасы сыяқты көптеген кітаптарды оқыды. Өңдіріс озаттарының жону станогі туралы, еңбек етудің жаңа әдістері жөніндегі газеттердегі мақалаларды пайдаланып жүрді.

Бұл күндері Александр Кузнецов цех аралық социалистік жарыстың озаты болып саналады. Ол еңбекшілердің халықаралық күні — Бірінші Май мейрамы алдында өткізілген заводтағы жұмысшылар

Калинин	47,0
Сартомар	44,0
Баян	40,7
Ильич	40,4

Облыс колхоздарында траншеялар қазу жұмысының басталғанына екі онжүндік өтті. МТС-тердегі техниканың күші бұл жұмысты бір ай мерзім ішінде аяқтауға жеткілікті еді. Алайда бірқатар МТС басшыларының траншеялар қазуға жете мән бермеулері салдарынан бұл жұмыстың барысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр.

Траншеялар қазуда, әсіресе Петропавл МТС-і артта қалып қойды. Бұл МТС-те төрт жатаған скрепер және бір денгалақты скрепер бар. Егер бұл скреперлер жер қазуға толық пайдаланылған болса, онда МТС бүгінге дейін жоспардың кемінде 70-80 процентін орындаған болар еді. Тіпті МТС директоры Данилов жолдас осы уақытқа дейін бір жатаған скреперді жұмысқа қоспай да отыр. Ал басқа скреперлердің еңбек өнімділігі мүлдем төмен. Осындай кемшіліктер Булаев (директоры Лепехин жолдас), Образцовы

Асанов	19,9
Ленин	17,1
Образцова	17,0
Булаев	16,9
Петропавл	11,6

(директоры Корнев жолдас), Ленин атындағы (директоры Супрунюк жолдас) МТС-терде де орын алған.

Колхоздарда қазылған траншеяларда шегендеу жұмысының жайы тіпті нашар. Бұл мерзімге дейін 342174 текшеметр траншеялар қазылса, мұның небары 2572 текшеметрі ғана шегенделді. Колхоз басшылары траншеяларды шегендеу жұмысына барлық мүмкіншіліктерді жұмылдыруға, бұл іске жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалануға міндетті.

Сұразықты мол дайындау мал басын көбейтіп, одан алынатын өнімді арттыруда маңызды роль атқарады. Олай болса жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының міндегі — траншеялар қазуды және оларды шегендеуді кеңінен өрістетіп, бұл жұмыстың таяу күндердің ішінде аяқталуын қамтамасыз ету болып саналады.

шөп, жаңына алып қойды. Енді алғашқы жұмыс қайталанып, жаңағыдай темір тақтайшаларды тағы да кесе бастады. Александр бір сменада өзі жасап шығарған бұл құралмен ұзындығы 120 сантиметр, көлденеңі 50 сантиметр, қалыңдығы 10 сантиметр серыо ресорын жүздеп даярлайды.

— Бұрын серыо ресорын бұрандалы қысқышта бір-бірден орнатып жасайтын едік, ал мына құрал еңбекті әрі жеңілдетті, әрі өнімділігін арттырды, — дейді Александр.

Қысқаштың енді серыо ресорын жасау үшін жерегі де болмай қалды. Бұрын смена бойына 72 серыо ресоры жасалса, енді 240-250 серыо ресоры жасалады. Бұл еңбек өнімділігін 3 немесе 3,5 есе арттырды деген сөз. Ал бұдан завод мындаған сом қаржы пайда көріп отыр.

Александр Кузнецов жолдастың ұсынған бұл соңғы жаңа әдісі еңбек өнімділігін арттырумен қатар, уақытты да үнемдеуге зор әсер етті. Жаңашыл шебердің осы тапқан жаңалығы кәзір заводта кеңінен қолданылуда.

Александр цехтағы еңбек озаты, жаңашылдардың бірі болумен қатар заводтың барлық өміріне араласып жүретін белсенді актив. Ол екі жылдан бері цех кәсіподақ ұйымының председателі. Сондықтан да ол цехқа еңбек тәртібін берік сақтау, еңбек ұйымдастыру, социалистік жарыстың өрістетілуімен көбірек айналысады. Үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді. Сөйтіп, озат жұмысшы жалынды үгітпен де, үлгілі еңбегімен де завод коллективінің құрметіне бөленуі.

Қ. БАТЫРОВ,

Москваның М. В. Ломоносов атындағы Ленин орденді Мемлекеттік университетіне Еңбек Қызыл Ту ордені тапсырылды

30 июльде Ленин тауларындағы Москва университетінің мәжіліс залына жүздеген студенттер, аспиранттар, профессорлар, оқытушылар, жұмысшылар мен қызметшілер келді. Москва қаласының және астанадағы Ленин ауданының партия, қоғам ұйымдарының өкілдері қатысып отыр. Осында салтанатты мәжілісте университеттің коллективіне Еңбек Қызыл Ту ордені тапсырылды.

Жыйналғандар К. Е. Ворошилов жолдас тың мәжіліс президиумына келуін орындарынан тұрып, қолшапалақтап құттықтады.

Салтанатты мәжілісті ССРО Жоғарғы білім министрі В. П. Елютин ашты.

Москваның М. В. Ломоносов атындағы университетінің екінші үкмет наградасымен—Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы Указды ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. Петров оқыды.

Мәжіліске қатысушылар Указдың мына текстін зор ықласпен тыңдады:

«Москваның М. В. Ломоносов атындағы Ленин орденді Мемлекеттік университетінің 200 жылдық мерекесіне байланысты және оның ғылымды, мәдениетті дамыту саласындағы және жоғары мамандығы бар кадрлар даярлаудағы атқарған ролі атап көрсетіліп, Москваның М. В. Ломоносов атындағы Ленин орденді Мемлекеттік университеті Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын».

К. Е. Ворошилов қатысып отырғандардың бәрінің қызу овация жасауы үстінде университетке наградаға берілген Еңбек Қызыл Ту орденін проректор Г. Д. Вов-

ченко мен қоғам ұйымдарының өкілдеріне тапсырды.

Залдың күмбездері астында Совет Одағы гимнінің күйлері салтанатпен өстілді.

Сөз университеттің проректоры Г. Д. Вовченкоға берілді. Ол жоғары оқу орнының профессорлары, оқытушылары, студенттері, аспиранттары, жұмысшылары мен қызметшілері коллективінің атынан университеттің 200 жылдығымен байланысты оған берілген жоғары награда үшін Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет Үкметіне сенім алғыс айтты.

—Партия мен үкмет беріп отырған аса бай мүмкіндіктерді пайдалана отырып, —деді Вовченко жолдас.—Москва университетінің коллективі өзінің ғылыми жұмысын және маман кадрлар даярлау ісін тынбастап жақсартуға, бұл кадрларды советтік патриотизм рухында Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шексіз берілгендік рухында тәрбиелеп отыруға өзінің барлық күшін жұмсайды.

Москва Мемлекеттік университетінің партия ұйымының секретары С. С. Андреев сөз сөйледі. Университетке берілген жоғары наградаға қабылдай отырып, —деді ол,—біз Москва университетіне көңіл бөлініп, үнемі көрсетіліп отырған қамқорлыққа лайықты жұмыс істеу үшін күшімізді аямай жұмсаймыз деп, партияны, үкметті, бүкіл совет халқын сендіреміз.

Студенттердің атынан Светлана Покровская шығып сөйледі. Ол өзін жолдас тарының тапсыруы бойынша университетке Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтап, жоғары құрмет көрсеткені үшін Со-

вет Үкметі мен Коммунистік партияның Орталық Комитетіне аса зор алғыс айтты.

—Біз оқуды үздік оқып,—деп мәлімдеді ол,—өзімізді еліміздегі коммунистік құрылысқа белсене қатысуға даярлауға тиіспіз. Партия мен халық осы міндетті орындау үшін бізге барлық жағдайды тудырып отыр. Университет бізді Ұлы Отанмызға терең сүйіспеншілік және басқа елдердің халықтарын құрметтеу рухында тәрбиелеуде. Бізді бейбіт еңбекті жақсы көруге және бейбітшілік ісін қорғай білуді үйретуде. Міне бұл жер бетіндегі барлық қаранайым және адал ниетті адамдардың қасиетті ісі. Өз білімдерімізді қолдана білу, өзіміздің барлық күшіміз бен білімімізді халықтың игілігіне жұмсау —міне біздің борышымыз және ең көкейтесті мұратымыз.

Ворошилов жолдасқа арнаған сөзінде Светлана Покровская былай деді:

—Қымбатты Климент Ефремович! Москва университетінің студенттері Сізден Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен туысқан үкметімізге біздің мына тілегімізді жеткізуіңізді сұрайды: біз Отан алдындағы борышымызды адалдықпен және жанқиярлықпен орындауға жалынды жігермен ұмтылып отырмыз. Біз қай жерде болсақ та, кең байтақ Отанмыздың қай бөлегінде болсақ та, адал ниетті еңбекшілер боламыз. Біз жоғары наградаға лайықты болуға уәде береміз.

Салтанатты мәжіліске жыйналғандар қызу құттықтап қарсы алған К. Е. Ворошилов сөз сөйледі.



Үстіміздегі жылы Петропавл совхозы 258 гектар күнбағыс өскен болатын. Көзір барлық алаңда күнбағысты культивациялау аяқталды.

СУРЕТТЕ: совхоздың бас агрономы В. Лоренц (оң жақта) және № 1 трактор бригадасы бригадирінің көмешісі М. Криклин жолдасар культивацияланған күнбағысты көріп жүр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қазақстанның азық-түлік товарлары өнеркәсібі жарты жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады

Қазақ ССР Азық-түлік товарлары өнеркәсібі министрінің кәсіпорындары алты айлық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Республиканың халқы жарты жылдыңтың аяғына дейін тапсырмадан тыс отыз миллион сомның тамақ өнімдерін алады.

1954 жылы осы уақыттарымен салыстырғанда өнімнің жалпы көлемі 10 процент артты. Өндіріс алаңы ұлғайтылмағанның өзінде нан-бұдықа тағамдар шығару 14 процент, макарон өндіру 39 процент, ет, есімдік және жеміс консервілерін өндіру 3,5 есе, есімдік майын өндіру 22 процент, ұн өндіру 15 процент, жарма өндіру 26 процент артты.

Кәсіпорының экономикалық көрсеткіштері жақсарды. Министрілікті тұтас алғанда еңбек өнімділігі жөніндегі жоспар асыра орындалды. Шаруашылықтың кейбір жеке салалары еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Алматының темекі фабрикасында еңбек өнімділігі өткен жылдағыдан төрт проценттей, Алматының кондитер фабрикасында алты процент артты.

Өнімнің өзіндік құны кеміді. Жоспардағымен салыстырғанда жұмсалатын қаржының үш миллион сомы үнемделді. Қон-

Социалистік державаның әуе флоты

Бүгін—ССРО Әуе Флотының Күні—бүгін совет халқы мен оның Қарулы Күштерінің дәстүрлі мейрамы, біздің авиациямыздың, отандық техника мен өнеркәсіптің табыстарын, авиациялық ғылым қызметкерлерінің табыстарын бүкіл халықтың байқайтын күні.

Г. ЧУЧЕВ, Авиация гвардия генерал-лейтенанты

тарда, Берлин үшін болған тарихи шайқаста, Шығыста жапондардың Квантун армиясын талқандау жөнінде жүргізілген ұрыстарда совет авиациясы айрықша зор табыстарға жетті. Дәл біздің авиациямыз, біздің бүкіл Қарулы Күштеріміз дәріптелген неміс авиациясын талқандауда тарихи еңбек сіңірді. Соғыстың соңғы үш жылда да гитлерлік Германия жасап шығарған 80 мың самолеттің 75 мыңы совет-герман майданында талқандалғанын еске түсірудің өзі-ақ желкілікті.

Үстіміздегі жылы ССРО Әуе Флоты Күні еліміздің шаруашылық және мәдени тұрмысының барлық салаларында совет халқы жаңа табыстарға жеткен жағдайда атап өткізілуде. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар өздерінің жап-қырлық еңбегімен сүйікті Отанмыздың байлығын және қуатын еселеп арттыра түсуде.

Совет Үкметі өз сұңқарларының еңбектерін жоғары бағалады. 200 мыңнан аса авиаторлар Совет Одағының ордендерімен медальдарымен наградталды, 2119 авиатор Совет Одағының Батыры атағын алды. Данды шыққан 63 ұшқышқа бұл құрметті атақ екі рет берілді, ал аса үздік екі ұшқыш—Александр Иванович Покрышкин мен Иван Никитич Кожедуб—«Алтын жұлдыз» медалімен үш рет наградталды.

Жемісті бейбіт еңбекпен шұғылданып отырған совет адамдары сонымен бірге еліміздің қорғаныс қабілетін онан әрі арттыруға тынбастан қамқорлық жасап, авиацияны дамытуға орасан зор көңіл бөліп келеді.

Совет Одағының Ұлы Отан соғысында жеткен жеңісі кемеңгер Ленин орнатқан социалистік мемлекеттің және оның Қарулы Күштерінің қуаты мызғымас берік екендігін көрсетеді.

Совет Одағы еңбекшілерінің өз авиациясын мақтан етуіне барлық немерелері бар, ал авиациямыздың даңқты тарихи, даңқты қаһармандық дәстүрлері ежелден мәлім.

Соғыс жылдарында сонда айқын бейнеленген советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың капиталистік құрылыстан артықшылығы соғыстан кейінгі дәуірде жаңа күш пен айқын көріңді. Коммунистік партия басшылық етіп отырған халқымыз, соғысты жеңіспен аяқтап шыққаннан кейін, өзінің шаруашылығын қалпына келтіруді және онан әрі өркендетуді қажымас жігермен қолға алып, экономика мен мәдениеттің барлық салаларында жаңадан қарыштап өрге басуды қамтамасыз етті.

Россия—авиацияның туған жері. Орыстың Ұлы ғалымдары Ломоносов, Менделеев, Циолковский және Жуковский орыстың және дүние жүзінің авиациялық ғылымының негізін қалаушылар болды. 1882 жылы орыстың белгілі ғалымы және өнертанқышы А. Ф. Можайский дүние жүзінде тұңғыш рет самолет жасап, оны сынап көрді. Орыстың өнертанқышы С. С. Неждановский дүние жүзіндегі тұңғыш планерді жасап сынады, ал, Д. П. Григорович—дүние жүзіндегі тұңғыш гидросамолетті—ұшқыш қайықты жасап берді.

Еліміздің шаруашылығы шашпап қарқынмен өркендеп келеді. Бесінші бесжылдықтың жоспарын орындау былай ойдағыдай аяқталғалы отыр. Өнеркәсіпті өркендетуде соғысқа дейінгі дәрежеден әлде қайда асып түсті. Ауыр индустрия, машина жасау, мұнай өнеркәсіптері ұдайы өсіп, қуатты электр станциялары салынууда.

Россияда ұшу ісінің тұңғыш шеберлері есіп шықты. Жаңашыл-ұшқыштар П. Н. Нестеров, К. Б. Арцеулов және басқа көптеген ұшқыштар аса үздік ерлік істерімен Отанмызды даңққа бөледі. Нестеров ұшу өнерінің ең жоғары шеберлігінің бастамасын жасап, дүние жүзінде тұңғыш рет «Тұйық ілмек» дейтін өнерін көрсетті.

Социалистік ауыл шаруашылығы да онан әрі өрлеу жолымен алға басып келеді. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері партия мен үкмет алға қойған ең елеулі міндеттерді бүкіл халықпен бірге іс жүзінде шешуде.

Алайда, авиация саласындағы ұлы жаңалықтар мен өнертабыстарды алған ел бола тұрса да патшалық Россия мардымды отандық авиация жасай алмады. Бұған оның экономикалық және саяси жағынан артта қалғандығы, шетелдік капиталға тәуелділігі себеп болды. Еліміздің еңбекшілерін толығымен азаттыққа жеткізген Ұлы Октябрь социалистік революциясы-

Совет Одағы бейбітшілікті сақтау және баянды ету аясаатын бұлжытпастай, дәйектілікпен жүргізіп, халықаралық ынтымақ үшін және барлық елдермен іскерлік байланыстарды дамыту үшін күресіп

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. ВОРОШИЛОВТЫҢ сөзі

Қымбатты жолдастар!

Жуырда совет жұртшылығы, сонымен қатар шетелдердегі озат ғылымның өкілдері тағаша күнді—ұлы ғалым М. В. Ломоносовтың есімімен аталып отырған, Россиядағы тұңғыш Москва Мемлекеттік университетінің құрылғанына 200 жыл толғанын салтанатпен атап өтті.

Даңқты мерекенің құрметіне бұрын Ленин орденімен наградталған Москва университеті енді Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталып отыр. Міне бұл наградалар Совет Үкметі мен партиямыз, бүкіл совет халқының сезімдерін білдіре отырып, өздерінің тұңғыш университетінің маңызы мен табыстарын жоғары бағалап отырған

адамнан, Москва университеті өзінің есімімен аталып отырған адамнан таралды.

Владимир Ильич Ленин Москва университетін революцияшыл университет деп атады. Оның студенттері мен оқытушыларының таңдаулы бөдегі әрқашан да патшаға және помещиктік буржуазиялық құрылысқа қарсы күрескерлердің бірінші қатарында болды.

Совет жылдарында Москва университеті біздің көп ұлтты социалистік Отанмыздың кадрлар даярлайтын шын мәнісіндегі білім дүкеніне айналды. Бұл университеттен талантты мамандар мен ғалымдардың жаңа ұрпақтары өсіп, тәрбиеленіп шықты. Оның ғылыми қызметкерлері мен жұмысшылары Совет Одағының

дегі ең таңдаулы университеттердің бірінде оқып отырсыздар. Сондықтан да еліміз, халқымыз өзінің даңқы шыққан университетінен кәзіргі заманғы білімдерді жеті меңгерген және қоғамдық-саяси ой-өрісі кең совет мамандарының жаңа кадрларын күтуде. Университетті бітіріп шыққандар, творчестволық коллективтерге барып қосылғаннан кейін, техникалық прогресті ілгері бастырып, мәдениетті дамытудың нақты міндеттерін табыспен шеше алатын болуға тиіс. Міне бұл сіздердің оқуды табандылықпен және қажырлықпен оқуды, совет мемлекеті білім алуға беріп отырған сөзсіз мол мүмкіндіктері толығымен пайдалануды талап етеді.

Маман бүгін осы алаңда университетті

Мен Москва Мемлекеттік университетіне үміт наградасын—Еңбек Қызыл Ту орденін тапсырудың жоғары құрметіне ие болып отырғанға қуаныштымын. Сіздерді және сіздер арқылы профессорлар, оқытушылар және студенттер коллективін сонымен қатар қамту қызметшілерді ұлкен және еңбек сіңірген награда алып отырғаныммен шын жүректен құттықтаймын. (Ду ұзақ қолшапалақтау).

Сіздің университет «Сүйікті Отанда қымбатты ғылымдар» тарату үшін қажымастан күрескен Михаил Васильевич Ломоносовтың ойы бойынша және оның күш салуымен құрылған болатын. Орыс халқының көмеңгер ұлы, Ломоносов Россия елінің бірінші дәрежелі ғалымдарды тудыра алғанына кәміл сенген еді. «Россия халқының намысы,—деп жазды Ломоносов,—оның ғалымдардағы қабілеті мен тапқырлығын, ал біздің Отанымыздың өз ұлдарын соғыстары ерлікпен және басқа маңызды күштерді ғана емес, сонымен бірге жоғары білімдерді дайындап беруге де пайдалана алатынын көрсетуді талап етеді».

Москва университетінің орыс ғылымы мен мәдениетін дамытудағы ролі асқан зор Патшалық самодержавиеңің қаратқан қайғылы жылдарында ол прогресшіл ғылымның аса маңызды орталықтарының бірі, революциялық идеяларды таратушы болды. Университет Отанымызға жоғары талантты ғалымдарды, атақты жазушыларды, ақындарды және жалынды революционерлерді берді. Столетов пен Лебедевтің, Сеченов пен Тимирязевтің, Жуковский мен Чаплыгиннің, Зелинский мен Вернадскийдің, Белинский мен Герценнің, Грибоседов пен Лермонтовтың, Островский мен Чеховтың және орыс халқының басқа да көптеген дақты өкілдерінің университетпен үздіксіз байланысты есімдері мәдениет тарихына алтын әріптермен жазылды.

Университеттің жақсы дәстүрлері материализмнен айнамастығы, демократизмі өзіндік ерекшелігі мен ғылыми ойдың басын талқылау өмірдің ең көкейтесті тілектеріне берілетін ғылымның жауаптары тынбастан іздестіруі сол көмеңгер

өндіргіш күштері мен қуатын еселеп арттыру жөнінде, еңбекшілерді азартып, коммунистік тәрбие беру жөнінде орасан зор жұмыстарды орындады және орындап келеді.

Партия мен үкімет сіздің университетте студенттердің оқу курсынан ойдағыдай өтуіне және жемісті ғылыми жұмыс істеуіне қажетті жағдайдың бәрін тудырды. Кәзір біз өзінің бірінде отырған осы тамаша, ең жаңа жабықтармен молынан қамтамасыз етілген үйлер Москва университетіне үнемі жасалып отырған қамқорлықтың материалдық бейнесі болып табылады. Университеттің даңқы зор, ол ғылым мен білімнің сәулетті шамшырағы ретінде бүкіл дүние жүзіне мәлім болып отыр. Отанымыздың барлық түпкірлерінен, көптеген шетелдерден білімге құмарқан жастар Москваға, Ленин тауларына оқуға келуде.

Ломоносов университетінде ғылымды дамыту, сабақ оқыту және білім алу—ең жоғары, зор аброй.

Жолдастар, сіздер мына ақиқатты білесіздер:—кімге көп берілсе, содан көп сұралады да.

Партия мен үкімет, совет халқы кәзір елімізде ауыр индустрияны оған әрі дамытып өркендету, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру, техникалық прогрестің дамуын барынша тездету міндеттерін шешуде. Осы міндеттерді орындау жолындағы күресте совет ғалымдары мен жас мамандардың үлесіне игілікті, қызылшықты және жауапты роль жүктейді отыр.

Біздің советтік ғылымның байлықтарын үздіксіз, күнбе-күн еселеп арттыру қажет, шетелдердің табыстарынан артта қалмау былай тұрсын, қайта бүгінгі күннің өзінде-ақ одан озық болу үшін барлық күшті жұмылдырып отыру қажет.

Ғылыми жұмыстың өнеркәсіппен және ауыл шаруашылығымен, еліміздің нығайған өмірімен мейлінше тығыз байланысты болуы, еліміздің барлық жоғары оқу орындары сияқты сіздің университеттің де ойдағыдай жұмыс істеуінің аса маңызды шарты болып табылады.

Студент жолдастар! Сіздер дүние жүзін-

үздік бітіріп шыққан студенттерге дидар тапсырудың дәстүрлі салтанаты болады деп хабарлады. Осы сүйсінерлік жағдайды пайдаланып, оқуын бітіргендерді оқу күрделі басқанымен, дербес өмір сүруге қандам басқанымен шын жүректен құттықтаймын және олардың зор табысқа жетулеріне тілектестік білдіремін. Москва университетінен тәрбие алғандарды Отанымыздың ең алуан түрлі аудандарында, фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен МТС-терде, мектептер мен техникумдарда күтіп отыр. Мен университетті бітірген жас түлектердің Ломоносовшы деген өздерінің жоғары атағын еңбектің қандай участогінде болса да аброймен ақтайтынына күмәнданбаймын.

Қымбатты жолдастар! Сіздердің бәріңізді жоғары үкімет наградасымен тағы да шын жүректен құттықтауыма сіздердің әрдайым сау-саламат болып, халқымыздың игілігіне қайнаған жігермен, жемісті жұмыс істеп, табыстан-табысқа жеткен үстіне жете берулеріңізге тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Батыр халық, жасампаз халық—біздің ұлы совет халқымыз жасасын!

Совет Үкіметі жасасын!

Біздің ұлы Коммунистік партиямыз жасасын!

Лениндік Орталық Комитет жасасын! (Ду қолшапалақтау) «Совет халқы жасасын!», «Біздің ұлы Советтік Отанымыз жасасын!», «Совет Үкіметі жасасын!», «Коммунистік партияның Орталық Комитеті жасасын!» деген ұрандар айтылды.

Совет Одағының гимні аса күшті естілді.

Студенттер К. Е. Ворошиловқа үлкен құл шорын сыйлады.

Салтанатты мәжілістен кейін К. Е. Ворошилов қасына ерген В. П. Елютин және Г. Д. Вовченкомен бірге жер зерттеу музейін, Москва Мемлекеттік университетінің тарихы жөніндегі мерекелі көрмені аралап көрді, бірқатар лабораторияларды аралады, студенттердің жатақханасында болды.

(ТАСС).

водтары мен шарап заводтары бәрінсін де көп үнем берді.

(ҚазТАГ).

Колхоздың мәдениет үйлерін салу

ҚОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Тарап ауданының Молотов атындағы колхозында мәдениет үйін салу жұмыстары басталды. Колхоздың мәдениет үйінде 350 орынды ойын залы, агрономиялық-зоотехникалық кабинеті, кітапхана, демалыс бөлмесі, үйірмелердің жұмысына арналған бөлмелер болмақшы.

Колхоздың Водополян жолдас басқарған құрылысшылар бригадасы құрылғы алаңына кәзірдің өзінде мың текшеметр тас, 50 тонна цемент, 130 текшеметр араш жеткізді. Колхозшылардың мәдениет үйін салуына АСЖ көпір поезының коллективі көмектесіп отыр. Артель мәдениет үйіне арналған мебельді, мәдени товарларды кәзірден бастап сатып алуда.

Мұнымен қатар Қостанай ауданының «Красный партизан», Меңдіқара ауданының «Север» колхоздарында, облыстың Аманкелді, Орджоникидзе және басқа аудандарының бірқатар ауылшаруашылық артельдерінде мәдениет үйлерін салу жұмысы басталды.

Теміржолшылар күнін лайықты табыстармен қарсы алу үшін

АҚТӨБЕ, (ҚазТАГ). Орынбор темір жолының Ақтөбе бөлімшесінің мыңдаған жұмысшылары мен қызметшілері теміржолшы күнін лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарьсуда. Наровозшылар зор табыстарға жетті. Бөлімшенің машинистері соңғы екі тәуліктің ішінде ғана қырықтан аса ауыр салмақты поезд жүргізіп, жоспардан тыс мыңдаған тонна әртүрлі жүк тасыды.

Машинист Имамгуллин жолдас аса көрнекті табысқа жетті. Ол салмағы нормадағыдан 2.300 тонна артық ауыр салмақты поезды жүргізді. Машинист Қодарев жолдас қос шешелон жүргізді. Машинист Алексеев жолдас үнемі ауыр салмақты поездар жүргізіп келеді.

ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының гастролі кеншілердің Мәдениет сарайында Сталиндік сыйлықтың лауреаты Е. Брусилоскийдің «Ер Гарғын» операсын қолмен басталды. Театр Қарағандыға толық құраммен келді. Шахтерлер қаласының еңбекшілері Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ю. Мейтустың «Жас Гвардия» операсымен, алматылық артистердің басқа да жаңа еңбектерімен танысады.

Театр Теміртаудың металлургтеріне, Саран мен Федоровканың шахтерлеріне барып спектакльдер қояды.

ның жеңісі ғана отандық ғылым мен техниканы дамыту үшін барлық жағдайды тудырып, авиацияны және әуеде ұшу өнерін дамытуда жана, советтік дәуірді, ең жарқын және жемісті дәуірді ашып берді.

Қуатты совет авиациясын құру және дамыту Коммунистік партия мен Совет мемлекетін орнатушы көмеңгер В. И. Лениннің және оның ісін алға апарушы И. В. Сталиннің есімдерімен тығыз байланысты.

Совет Әуе Флотын құру ісінде халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарлары, елімізді индустрияландыру саясатын шешуші роль атқарды. Коммунистік партия бастаған, талантты және еңбек сүйгіш совет халқы өзінің металлургиясын, машина жасау, моторлар жасау өнеркәсібін құрды, авиация өнеркәсібін өркендетуге негіз қалады. Ал авиация заводдарын салып, қатарға қосты, ғылыми институттар, оқу орындарын ұйымдастырды, инженерлер, техниктер, ұшқыштар кадрларын даярлады.

Совет Одағы Отан соғысы басталудан көп бұрын ұлы авиациялық державаға айналды. Екінші бесжылдықтың өзінде-ақ біздің әуе күштерімізде, сол жедегімен алғанда төрт моторлы қуатты бомбардировщиктер, екі моторлы шапшаң ұшатын самолеттер, зеңбірек орнатылған истребительдер болды. Жүректі және шебер совет ұшқыштары ұшудың ұзақтығы, алыстығы және биіктігі жөніндегі дүние жүзілік рекордтар табылғанына жазылған 168 рекордтан 62 рекорд жасады. Чкалов пен Громов экипаждарының Москвадан Солтүстік полюс арқылы АҚШ-қа жолда қонбастан ұшып барған сапарлары бүкіл дүние жүзіне мәлім.

ССРО-ға қарсы соғыс бастаған кезде фашистік авиатористер біздің авиация өнеркәсібімізді жедел істеп шығарамыз, Совет Армиясының әуелдегі қуатын жоқтың қасы елеміз деп дөмеленген еді. Гитлершілдердің басқа да көптеген үміттері сияқты, олардың бұл үміттері де толығымен күйретілді.

Партия мен мемлекеттің асқан зор ұйымдастыру жұмысы соғыс өндірісін бұрын болып көрмеген дәрежеде өрге бастыруды қамтамасыз етті. Осының арқасында соғыс кезіндегі аса маңызды міндет—немістердің ұрыс техникасының сан жағынан басымдылығын жою міндеті ойдағыдай шешілді. Соғыстың соңғы үш жылында ғана біздің заводтарымыз жыл сайын 40.000 ға дейін самолет шығарып тұрды.

Әскерлердің басқа түрлерімен—жалу әскермен, артиллериямен, танктермен және соғыс-теңіз күштерімен жауынгерлік тығыз ынталықтасқан қыймыл жасай отырып, совет ұшқыштары дұшпанның адам күштері мен техникасына күйреге соққылар берді. Москваның, Сталинградтың түбінде, Кубанда, Курск иінінде, Украинада, Белоруссияда болған шайқас-

келеді. Ал оның бер жағында АҚШ-тың билеуші топтары бастаған агрессияшыл империалистік күштер ССРО-мен халықтық демократия елдеріне қарсы жаңа соғысты ашықтан- ашық әзірлеуде. Олар атом мен бопсалау әрекеттерін жүргізіп, жаяталаса қарулануды күшейтуде, Европа мен Азияда саналуан соғыс базаларын салуда.

Өзінің туысқан үкіметінің әділетті бейбітшіл саясатын қолдап, коммунистік қоғамның асқан сәулетті сарайын орната отырып, совет адамдары ССРО-ның қорғаныс қабілетін оған әрі нығайтуға тынбастан қамқорлық жасап келеді. Совет Армиясы мен оның біртұтас құрамды бөлігі—авиацияның техникалық қуаты жылдан-жылға арта түсуде. Біздің авиациямыз нағыз кәзіргі заманғы ең ұшқыр реактивтік самолеттермен, ең жаңа қару жарақпен және жабықтармен қамтамасыз етілген. Еліміздің аса көрнекті авиация инженерлері мен самолет жасаушылары А. Н. Туполев, В. М. Ясицев, А. И. Микоян, С. В. Илюшин, А. С. Яковлев, С. А. Лавочкин, А. Н. Люлька, В. А. Добрынин, В. Я. Климов, Н. Д. Кузнецов және көптеген басқалары жаңа, бұрынғыдан анағұрлым жетілген озық машиналар жасау жолында оған әрі ойдағыдай жұмыс істеуде.

Дақты совет ұшқыштары, үздіксіз өркендеген техниканы ойдағыдай меңгере отырып, өз міндеттерін ең қиын жағдайда шешуге, зор шапшаңдықпен және аса биікте ұшуға мүмкіндік алды. ССРО Соғыс-Әуе Күштерінде озат экипаждар мен бөлімшелер саны күннен-күнге өсіп, жауынгерлік және саяси даярлықтың үздіктері көбейе түсуде, әуе жауынгерлерінің шеберлігі арта түсуде.

Армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамның (ДОСААФ-тың) жұмысы бүкіл халықтың советтік авиацияға жасап отырған қамқорлығының айқын айғағы болып табылады. Көптеген аэроклубтарда авиациялық спорт кадрларын даярлау жұмысы жүргізілуде. Планермен ұшу, парашютпен секіру бұқаралық спортқа айналып келеді.

ССРО Әуе Флотының табыстары зор. Бірақ жайбарақаттану, қол жеткен табысқа тоқмейілу — совет адамдарына жат сезімдер. Кәзіргі жағдай бізді үнемі жауынгерлік әзірлікте болуға, Отанымыздың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қырағылықпен күзетуге міндеттейді.

Бүкіл халықтың ықпалы қамқорлығына бөленген, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне тығыз топтасқан біздің дақты сұңқарларымыз өздерінің жұмысы мен жауынгерлік оқуына күннен-күнге үсті-үстіне жаңа табыстарға жетуде. Соғыс-Әуе Флоты ССРО Қарулы Күштері әскерлерінің барлық түрлерімен бірге Совет Одағының мемлекеттік мүдделерінің, совет халқының игілікті бейбіт еңбегінің сенімді күзетшісі болды, болып отыр және бола береді.

Пенза туралы кітап

ПЕНЗА, 1 июль. (ТАСС). Облыстық кітап баспасы өлке зерттеуші С. П. Петровтың «Пенза» деген кітабын басып шығарды.

Кітапта қаланың пайда болуынан бастап біздің уақытымызға дейінгі тарихы туралы айтылады.

Пензада В. И. Лениннің әкесі—И. Н. Ульянов, М. Е. Салтыков-Щедрин, Н. И. Огарев тұрып, еңбек етті. Мұнда орыстың ұлы сыншысы және революционер демократ В. Г. Белинский, академик Н. Н. Бурденко оқыды.

Кітап біздің бүгінгі Пензаны—ірі социалистік қала болған Пензаны көрсетеді.

Астананың жоғары оқу орындарында

Москваның жоғары оқу орындарында орта мектепті бітіріп шыққан жастардан арыздар қабылдана бастады.

Бұл күндерде Москваның М. В. Ломоносов атындағы университетінде адам өте көп. Моховойдағы үйдің ақталық залы адамға лық толы. Мұнда барлық 12 факультетке арыздар қабылданады. Кәзірдің өзінде төрт мыңға жуық арыз қабылданды.

Физика, химия, механика-математика және геология-топырақ зерттеу факультеттеріне түсуге тілек білдірушілер өте көп. Гуманитарлық факультеттердің ішінде жастар филология және журналистика факультеттерін таңдап алуда.

Барлық арыздың тең жартысына жуығы еліміздің басқа қалаларындағы жас жігіттер мен қыздардан түсті.

Қабылдау сынағы 1 августа басталады. Үстіміздегі жылдан бастап орта мектептерді күміс медальмен бітіргендер үшін де қабылдау ехтиханы енгізілді. Олар арнаулы орта оқу орындарының отличниктерімен бірге бір пән бойынша емтихан тапсырады.

Москваның И. В. Сталин атындағы станок жасау институтына күн сайын 100—120 арыз түсуде. Мұнда оқуға тілек білдіргендердің ішінде орта мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт өндірісте жұмыс істеген жастар бар. (ТАСС).

Жүгері егісін күту, жыйнау және сүрлеу кеңінен механикаландырылсын

(Днепропетровск облысы колхоздарының, МТС және совхоздарының тәжірибесінен)

Днепропетровщина— еліміздегі жүгері өсіретін ең ірі аудан. Мұнда Марк Озерный, Алексей Щербина, Мария Карноза және басқалары сыяқты жүгері даласының шеберлері жұмыс істейді. Облыстың колхоздары, МТС-тері мен совхоздары жүгеріні бітік өсіруде, бұл бағалы дақылды өңдеуді механикаландыруда бай тәжірибе жыйнады.

Үстіміздегі жылы, еліміздің басқа аудандарындағы сыяқты, мұнда, көп алаңда жүгері собықтары сүттеніп-қамырланып піскенде жыйналатын болады. Жүгерінің собықтарын, сол сыяқты сабақтарын сүрлеу үшін көп жақсы сүрлем құрылыстары керек. Колхоздар мен совхоздарда оларды салуға көп көңіл бөлінуде. Жуырда Харьковте және Днепропетровскіде болған одақтас республикалардың ауыл шаруашылығы басшы қызметкерлерінің семинары жүгеріні күтудегі және сүрлем құрылыстарын салудағы тәжірибені үйренуге арналды.

Төменде Днепропетровск облысында жүгері өндіруді ұлғайту, егінді күту, егін жыйнауға және сүрлем салуға әзірлік жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстарды баяндайтын материалдар жарияланып отыр.

Төменде Днепропетровск облысында жүгері өндіруді ұлғайту, егінді күту, егін жыйнауға және сүрлем салуға әзірлік жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстарды баяндайтын материалдар жарияланып отыр.

Машиналар жүгері даласында

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асыра отырып, Днепропетровск облысының колхозшылары мен механизаторлары облыс партия ұйымдарының басшылығымен үстіміздегі жылы жүгері өндіруді ұлғайту жөнінде зор жұмыстар жүргізуде.

Облыстың МТС-тері мен колхоздары жүгері егісін қамқорлықпен күтуді ұйымдастырды. Майдың аяғына дейін жарты миллион гектардан астам алаңда жүгеріні бірінші рет баптау, ұяларды қолдан отау, сирету және қайта отырғызу негізінен аяқталды. Мыңдаған тракторшылар жүгерінің қатараралықтарын баптауда сменалық нормаларын толық және асыра орындауда. Егістерді күту жөніндегі жұмыстар екі сменада жүргізіледі. Егістерді күтуге 3.600 отамалы агрегаттар пайдаланылуда, олардың ішінде 1.560 агрегат село механизаторларының ұсынысы бойынша МТС-тер мен колхоздардың күштерімен қайта бейімделген және жасалған агрегаттар, оның 800-ден астамы жылданбауыр тракторларға тіркелген.

Жүгерінің қатараралығын екінші рет өңдеу ойдағыдай жүргізілуде, 300 мың гектардан астам алаң кәзірдің өзінде екінші рет бапталды. Едәуір алаңда өсімдікке үстем көрек берілді.

Жүгеріні жыйнауды ұйымдастыруда облыс ауылшаруашылығы еңбекшілерінің алдында жауапты және күрделі міндеттер тұр. Соңғы уақытта дейін жүгері жыйнауы механикаландырылмаған бірден-бір дөңді дақыл болып келді. Ол қолмен жыйналды, мұның өзі еңбектің көп жұмсалуына, егісін көп ысырап болуына әкеліп соқты. Мұның барлығы жүгері егісін ұлғайтуға елеулі бөгет жасады.

Механизаторлар мен колхозшылардың таусылмас творчестволық инициативасымен өндірістік белсенділігі жүгеріні өсіруді ғана емес, оны жыйнауды да, өңдеуді де кең механикаландыруға мүмкіндік береді.

Село рационализаторлары жасаған және ұсынып жатқан машиналардың бейімделген

★
А. П. КИРИЛЕНКО,
УКП Днепропетровск обкомінің секретары
★

«Ростсельмаш» заводы 1954 жылы Е. Компаниецтің схемасы бойынша комбайнға 5 мың тетік жасады. Ұсыныстың авторы Е. Компаниец өзінің комбайнына заводта дайындалған тетікті орнатып, өткен жылы 19 күн ішінде Щорс ауданындағы Калинин атындағы колхозда ортаменалық жұмыс өнімділігін 12-14 гектарға жеткізіп, 237 гектар жүгері жыйнады. Бұл тетікті жүгері жыйнауға пайдалану колхозға еңбек шығындарын 2.454 адамдық-күнге кемітуге және 22.592 сом үнемдеуге мүмкіндік берді.

Өткен жылы облыс колхоздарының даласында Е. Компаниецтің тетігімен жабдықталған барлығы 146 қайта жабдықталған «С-6» комбайны жұмыс істеді; олармен 10 мың гектар жүгері жыйналды. Жүгеріні жыйнауды механикаландырудың нәтижесінде колхоздар мыңдаған адамды басқа жұмыстарға босатып, 800 мың сомнан астам ақшалай қаржы үнемдеді.

Кәзіргі уақытта облыс МТС-терінде мұндай 635 комплект тетіктер бар. Е. Компаниец және басқа механизаторлар біраз қайта өңдеулер енгізгеннен кейін жүгерінің собықтарын сүттеніп-қамырланып піскен кезінде «С-6» комбайнмен жыйнауға бұл тетікті пайдалану үстінде жұмыс істеуде. Бұл міндетті ойдағыдай шешілетін болады деп есептеуге негіз бар.

Девладовск механизаторларының тәжірибесі де көп назар аударады. Девладовск МТС-нің комбайншысы А. Билохатнюк жүгері жыйнау үшін «С-4» өздігінен жүретін комбайнның қайта жабдықтады. 1953 жылы ол бұл комбайнмен 44 гектар, 1954 жылы—180 гектар жүгері жыйнады. Сонымен қайта жабдықталған өздігінен жүретін комбайнның өнімділігі күніне 8-10 гектар болды.


Облыстың машина-трактор станцияла-

қайта жабдықталған комбайнның жұмыс өнімділігі күніне 20 гектарға жетті. 12 күн ішінде комбайншы 220 гектар жүгері жыйнады.

И. Омельничкийдің тетігі орнатылған «коммунар» комбайнның пайдаланудың экономикалық тиімділігін ескеріп, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары облыстың кәсіпорындарына бұл тетіктің жүз комплектін дайындауға заказ берді.

Социалистік Еңбек Ері Ново-Московск МТС-нің комбайншысы Григорий Байда да жүгері жыйнауды механикаландыру проблемасы үстінде жұмыс істеуде. Сүрлемге пайдаланылатын жүгерінің сабақтарын ору үшін Петропавловск МТС-нің механизаторлары хедр лафетін жабдықтады. Бұл бейімделген тетік астықты бөлек жыйнау үшін де қолданылатын болады. Кәзір жүзге жуық лафет бар, өнеркәсіп орындарына мұндай 1.200 лафет дайындауға заказ берілді. Село рационализаторлары сүттеніп-қамырланып піскен жүгерінің собықтарын, сондай-ақ сабақтары мен жапырақтарын ұсақтайтын машиналар мен агрегаттарды қайта жабдықтау және жасау жөнінде көп жұмыстар жүргізуде. Облыстың колхоздары мен МТС-терінде қосымша жеміш-ұсақтағыш машиналарды қайта жабдықтау соншалық егін жыйнау басталғанға дейін жүгеріні сүрлеу үшін бізде, облыс МТС-тері мен колхоздарында молотилкалар мен комбайндардың барабандарынан жасалған кемінде 600 қайта жабдықталған «РСС-6», 300 «РКС-12», 250 «ДКУ—1,2», 500 «ИБ-3» және 150 тұрағын болуы белгіленіп отыр.

Облыс МТС-тері мен колхоздары сүрлем құрылыстарын салу жөнінде зор жұмыстар жүргізуде тиіс. 1955 жылы облыста жалпы сыйымдылығы 3 миллион тоннадан астам сүрлем құрылыстары, оның ішінде сүттеніп-қамырланып піскен жүгерінің собықтарын салу үшін—610 мың тонна сүрлем құрылыстары салынуға тиіс.



Днепропетровск облысы, Ново-Московск ауданындағы Чкалов атындағы колхоз сүрлем траншеяларын салуда. Колхозда барлығы 4 мың тоннаға жуық сүрлем салынатын болады. СҮРЕТТЕ: колхоздағы сүрлем траншеяларының құрылысы.

Суретті түсірген В. Готилов.

Сыналған әдістер

★
А. ЩЕРБИНА,
Социалистік Еңбек Ері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ново-Московск ауданы, Чкалов атындағы колхоздың председатели

Біздің колхоз орналасқан Украинаның қуаң дала аймағында топырақта ылғал қорын сақтау және дұрыс пайдалану жолындағы күрестің жүгеріден жоғары өнім алу үшін шешуші маңызы бар. Егінді күтуді дұрыс ұйымдастырудың ылғал үшін күресте үлкен роль атқаратынын мәлім.

Егінді күтуді жүгері көктемей тұрып бастадық, бұл кезде топырақ қабыршықтарын тырмамен бұздық. Топырақтың үстіңгі қабатына жүгері көкпесі көріне бастаған алғашқы бір-екі күнде де алаңды тырмаладық. Бұл шаралар үлкен агротехникалық нәтиже берді.

Өсімдікте 3-4 жапырақ пайда болған кезде қатараралықтар кескіш табанды трактор культиваторымен 8-10 сантиметр тереңдікте ұзын бойға және көлденең бағытта алғаш рет өңделді. Бұған атқа жегілетін отағыштар да пайдаланылды. Культиватордың табандары өсімдіктің жапынан 10 сантиметр ашық қалатындай етіп және бірқалып горизонтальдық бағытта орналастырылды, олардың арашөпшелерін кескішпен кеткі қамтамасыз

діктердің өгей бұтақтарын жұлып тастауды, күлдіреуік қара күйемен күресу шараларын жүзеге асырады.

Біздің колхоз соңғы жеті жыл бойы жүгерінің әрбір гектарынан 47 центнер құрғақ дән, ал кей жылдары әр гектардан 60 центнер және онан да жоғары дән алып келді. Мұндай жоғары өнім алуда звенолардың маңызды роль атқарғанын атап айтқым келеді. Біз жүгері егілетін учасктортерін звеноларға күзден-ақ бөлітіп береміз. Біздің колхозда звено мүшелері жергілікті тыңайтқыштарды жыйнауға және топыраққа енгізуде, ұялардың маңында қалып қойған арашөпшелерді қолмен отауда, өсімдіктерді сиретуде, өсімдігі қыйылып қалған жерлерге жүгері отырғызуда, өсімдікті өсу кезеңінде қоректендіруде, қосымша қолдан шаңдатуда, өсімдіктің өгей бұтақтарын отауда, күлдіретін қара күйемен күресуде, сүттеніп-қамырланған кезде жүгері собықтарын жыйнауға қолмен жүргізуді қажет ететін басқа жұмыстарды атқаруда үлкен күш болып табылады. Звеноларда барлық жұмыстар әркімге жеке кесімді ақыл төлеу

Екінші рет культивациялау аяқталғаннан кейін 12-15 күн өткен соң үшінші рет өңдеу жұмысы жүргізіледі. Бұл кезде жүгері өсімдігінің биіктігі 50-60 сантиметрге жеті және оған өгей бұтақтар шыға бастады. Жүгері өсімдіктері аталық гүшшелерін төге бастағанда егіс ұзын бойға және көлденеңнен төртінші рет өңделді.

Жүгері өсімдігі өмір сүру дәуірінде

тетіктер мен жабдықтарды көрсету, кеңінен насихаттау, енгізу мақсатымен Днепрпетровск МТС-і жанында өзіне көп назар аударатын облыстық көрме-семинар ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Мұнда жүзден астам машиналар, механизмдер және әртүрлі бейімделген тетіктер мен жетілдірулер көрмеге қойылды, олардың авторлары днепрпетровтық механизаторлар болып табылады.

Көрме жүгері өсіруді механикаландыру жөнінде село механизаторлары жүргізіп жатқан творчестволық жұмыстарды кеңінен көрсетеді. Барлық комбайншыларды, көптеген тракторшыларды, машинашыларды, колхоз ұсталарын, ағаш шеберлерін және басқа село рационализаторларын көрмеге қатыстырып, онда көруге қойылған машиналар мен тетіктерді оларға үйрету ұйымдастырылды. Көрмеде 6 мыңнан астам адам болды. Мұның бәрі жүгері өсіруді және өңдеуді механикаландыруды кеңінен енгізуге көмектеседі.

Днепропетровск облысы, Вожедаровск МТС-нің комбайншысы Е. Компанец бұдан бірнеше жыл бұрын «С-6» комбайнына піскен жүгерінің сабақтарын орып, собықтарын бөлуді ғана емес, сонымен бірге оның сабақтары мен жапырақтарын сүрлемге бір мезгілде ұсақтауға мүмкіндік беретін бейімделген тетік жасады. Комбайнның бұл тетікпен жүгері жыйнағандағы күндік орташа жұмыс өнімділігі 1953 жылы 8-10 гектар болды.

ры үстіміздегі жылы жүгері жыйнау үшін қайтадан жабдықталған өздігінен жүретін комбайнның 340 комплект бейімделген тетіктермен жабдықталған.

Петриковск МТС-нің комбайншы-рационализаторы И. Омельницкийдің жұмыс тәжірибесі айтарлықтай назар аударуға және кеңінен таратуға тұрарлықтай. Колхоз ұстасы Г. Статевнен және электрмен балқытушы А. Наливайкомен бірге Омельницкий жолдас 1954 жылы жүгері жыйнау үшін іске жарамсыз «коммунар» комбайнын қайта жабдықтады. Комбайнның астық бастыратын бөлігі алынып, оның орнына собық үшін сыйымдылығы 2,1 текшеметр бункер орнатылды. Комбайнның алдыңғы рамасына көлденең, швеллерлер бекітілді, оған собықты бөлетін вальцшылар сабақтар мен жапырақтарды ұсақтайтын барабан және полотномы-планчаткалы қабылдағыш транспортер орнатылды. Вентилятордың шкивіне қозғалыс беретін мотор вальцшылардың үстінен орнатылған.

Рационализатор И. Омельницкий кейін өзінің жүгері жыйнайтын агрегатының конструкциясын жақсартты. Кескіш аппараттың қақалып қалуын болдырмау үшін кескіш аппараттың бармақтарын алып тастап, қозғалмайтын екінші пышақ орнатты. Бұл жұмыстың сапасын жақсартып, машинаның өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Еңбекті жақсы ұйымдастырудың арқасында жүгері жыйнау

2.265 мың тонна құрылыстар дайындалды, бұлардан жүгерінің собығын сүрлеу үшін 300 мың тонналық құрылыс шеген делді. Апостоловск ауданының колхоздарында сүрлем құрылыстарын салу жақсы ұйымдастырылған. Мұнда жоспар бойынша сүттеніп-қамырланып піскен жүгерінің собықтарын сүрлеу үшін жалпы сыйымдылығы 25,5 мың тонналық құрылыс дайындау белгіленген еді. Көздің өзінде 26 мың тонна сүрлем сыятын құрылыстар салынып шегенделді. Мұнымен бірге бұл ауданның колхоздарында жүгерінің сабақтары мен жапырақтарынан сүрлем сақтау үшін көп мөлшерде траншеялар мен орлар бар және салынып жатыр.

Жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары колхозшылар мен механизаторлар бұқарасын жүгері өндіруді ұлғайту жөнінде партия қойған міндетті орындауға жұмылдыру жөнінде едәуір жұмыстар жүргізуде.

Жуырда облыстық партия комитеті егіннің астығын жыйнаууды және жүгеріні жыйнаууды механикаландыру жөнінде МТС-тердің директорлары мен бас инженерлерінің қатысуымен облыстың таңдаулы комбайншыларының кеңесін өткізді.

Днепропетровщинаның ауыл шаруашылығы еңбекшілері Запорожьеңің егіншілерімен жарыса отырып, жүгері өндіруді ұлғайту жөніндегі тапсырманы аброймен орындауға барлық күшін жұмсайды.

Көсіліп қалған өсімдіктерді қайта отырғызу және өсімдік тым жиі өскен жерлерді селдірету жұмыстарын кезінде жүргізу әрбір гектарда 34-35 мың өсімдік өсуіне жетісуімізге мүмкіндік берді.

Өсімдік биіктігі 18-20 сантиметрге жеткенде қатараралықтарды ұзын бойға және көлденеңінен екінші рет өңделді. Өсіп келе жатқан жүгерінің тамыр жүйелерін зияндалау қатараралықты екінші рет өңдеудің тереңдігін 6-8 сантиметрден асырмадық. Бұл жолы культиватордың табандарын өсімдіктен 12 сантиметр алыс өтетіндей етіп орналастырдық.

Жүгері егісіне бірінші күтім май айының аяғында жүргізілді. Сондай-ақ екінші рет өңдеу жұмыстары да ең қолайлы агротехникалық мерзім ішінде өткізілді. Егінді күтуге алдыңғы қатарлы агротех-

Сондықтан біз тыңайтқыш заттарды тек зияб жырту және оны бірінші рет культиватормен өңдеу кезінде ғана енгізіп қоймай, өсімдіктің өсу кезеңінде де оны қоректендіреміз. Өсімдікті өсу кезінде қоректендіруді әдетте егіннің арамшөбі екінші рет оталғаннан кейін бастаймыз, мұнда әрбір гектарға 1-1,2 центнер суперфосфат енгізіледі. Жүгерінің гүл шашу кезеңінде өсімдік суперфосфатпен екінші рет қоректендіріледі, бұл жолы әрбір гектарға 1 центнер тыңайтқыш жұмсалады. Тыңайтқыш қайта жабдықталған ат сояжасымен, 8-10 сантиметр тереңдікке және өсімдіктен 15 сантиметр алыстықта енгізіледі.

Жүгеріден мол өнім алу жолындағы күресте біздің артельдің колхозшылары едәуір маңызды агротехникалық шараларды— қосымша қолдан шаңдатууды, өсім-

Ерлері Анна Деревянка, Мария Шлохой, Наталья Зеленская, сондай-ақ Елена Приходько, Анна Зеленская басқарған жаңадан құрылған эволюар егінді ерекше жақсы және ұқыпты күтіп- баптады.

Біздің артельдің колхозшылары механизаторлармен тығыз ынтымақтаса еңбек етіп, бітік егін өсірумен қатар, жүгерінің собығы мен сабағын жыйнауға және сүрлеуге әзірлікті де ерте қолға алды. Машина-трактор станциясы жүгеріні жыйнау және сүрлеу жұмыстарын механикаландыру жөнінде арнаулы бригада ұйымдастырылды. Бұл бригаданы трактор бригадасының көмекшісі Социалистік Еңбек Ері Иван Туныко басқарады. Жүгеріні жыйнауға және сүрлеуге деркезінде жан-жақты әзірлік жүргізу үшін колхоз басқармасы тарапынан да шаралар қолданылады.

Совхоз сүрлем құрылыстарын салуда

Н. СЫСОЕВ,

Днепропетровск совхоздар тресінің
бас инженері



Днепропетровск облысының совхоздары үстіміздегі жылы сыйымдылығы 160 мың тоннадан асатын сүрлем құрылыстарын салуға тиіс, мұның 43.500 тонналығы сүттеніп- қамырланып кезде жыйналған жүгерінің собығын сүрлеуге керек. Совхоздар 20 июньге дейін 123 мың тонналық сүрлем траншеяларын әзірледі, мұның 18.800 тонналығы жүгері собығын сүрлеу үшін әзірленді.

Кейбір совхоздар траншея қазуды және шегендеуді толық аяқтап шықты. Әсіресе «Криворожский» совхозының құрылысшылары жұмысты жақсы істеді, олар жоспар бойынша 1.500 тоннаның орнына жүгері собығы үшін 1.650 тонналық траншея қазды.

Жүгері собығы сүрленетін траншеялардың орғайсысының сыйымдылығы 75-100 тонналық болып әзірленуде. Олардың тереңдігі үш метр. Оның үстінде жер бетінен 50 сантиметр биіктікке көтеріле қабырға жасалады. Сөйтіп, траншеяның жалпы тереңдігі 3,5 метр, үстіндегі жағының кеңдігі 4,5 метр, түбінің кеңдігі 3,5 метр, ұзындығы 15-20 метр болады. Көп совхоздар траншеяның ұзындығын бұдан екі есе ұзартып жүр.

Сүрлем траншеялары цилиндрлі орлармен сүрлем мұнараларына қарағанда анағұрлым тиімді. Сүрлемді траншеяларға салған кезде, оны нығыздау үшін шыңыр табанды және доңғалақты тракторларды пайдалануға болады. Олар сүрлемді өте жақсы тығыздайды, ал бұдан сүрлемнің сапасы арттырылады және траншеялар неғұрлым тиімді пайдаланылады: қолмен тығыздалған бір текшеметр сүрлемнің салмағы, трактормен тығыздалған бір текшеметр сүрлемнің салмағынан 15—20 проценттей кем болады.

Экономикалық көрсеткіштерге көз жі-

берейік. «Нижнеднепровский» совхозында 1955 жылы салынған сыйымдылығы 200 тонналық кірпіштен жасалған сүрлем мұнарасы 37,7 мың сомға немесе әрбір тонна сүрлемдік орын 188 сом 50 тыйынға түсті. Осы совхоздың 1950 жылы кірпішпен шегендеп салған сыйымдылығы осындай траншеясы 30 мың сомға немесе әрбір тонна сүрлемдік орын 136 сом 66 тыйынға түсті. Біртұтас шлакбетонмен шегенделген сүрлем траншеясы 18 мың сом, немесе әрбір тонна сүрлемдік орын 81 сом 80 тыйын тұрады.

Әдетте біздің жағдайымызда сүрлем мұнаралары кірпіштен немесе темірбетоннан (біртұтас немесе құрастырмалы) салынады. Сүрлем мұнараның қабырғаларын қатты көретін болғандықтан, қабырғалардың беріктігін жақсарту қажет болады. Осыған байланысты қабырғалардың берік болуына цементті, темірді, жоғары сапалы кірпішті көбірек жұмсау керек болады.

Совхоздарда сүрлем салатын траншеяларды шегендеуге жергілікті арзан материалдар—құрылыс тастары, ізбес тас кірпішентай қабыршақтар, кесектелген шлактар пайдаланылады. Кесектелген домна пеші шлактарынан жасалған траншеялар өте арзанға— әрбір текшеметрі 60-65 сомға түседі. Бұл материалдан қабырғаларды қалау әк қосылған қоспа (бір бөлегі әк, бір бөлегі құм және бес бөлегі домна пешінің шлагі) арқыты жүргізіледі.

Қабырғаларын қалауға әзірленген траншеяларға диаметрі 10-12 сантиметр жү-

мыр ағаштардан бір бірінен 2-2,5 метр қашықтықта тіреу қойылады. Тіреулер траншея қабырғасының бағытына сәйкес шөлбеу бағытта жерге 30 сантиметр қазылып орнатылады. Содан кейін траншея қабырғасы мен тіреулердің арасына қалыңдығы 4 сантиметрлік тақтайдан щит қойылады. Щиттің ұзындығы—4,5 немесе 6,5 метр (ағаштың ұзындығына қарай), биіктігі 60-70 сантиметр болады. Сөйтіп, қабырғаның бетондау кезінде бетон щит пен балшық қабырғаның арасына салынады. Бетон қабырғаның қалыңдығы 25-30 сантиметр болады. Жер бетінен жоғарғы бөлегінің қалыңдығы 40-50 сантиметрге дейін барады.

Қабырға толық бетондалып болғаннан кейін, бетондаушы бригада екінші сүрлем траншеясына ауысады. 3-4 күннен кейін, ал қабырға цементпен құйылса, онда екі күннен кейін щит 60-70 сантиметр жоғары көтеріледі де өлті әдіс бойынша бетондау жұмысы жүргізіле береді. 24-25 күн ішінде алты адамнан құралған бригада әрқайсысының сыйымдылығы 250-300 текшеметрлік үш сүрлем траншеяларын жасай алады.

Сүрлем құрылыстарын салумен қатар совхоздар сүрлемдерді комбайннан траншеяларға тасыйтын транспорттарды да әзірлеуде: арбалардың үстін тақтайлау, қос білекті тіркеулер және басқа транспорттар жөндеуде. Көптеген совхоздар тіркеулерді өздерінде жасауда. Мұндай тіркеулер 5-8 тонна жүк көтереді. Сол сияқты траншеялардан сүр азықты мал қораларына жеткізетін аспалы жолдар жасалады.

Днепропетровщина совхоздарының еңбекшілері мал шаруашылығын берік азық қорымен қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануда.

(«Сельское хозяйство» газетінен).

Әрі берік, әрі арзан

А. НИЖЕВОЙ,

Днепропетровск ауданы, Сталин атындағы колхоздың председатели



траншеяның құрылысы аяқталды. Траншеялар қоршаулар арқылы 20 секцияға бөлінген. Бұдан басқа жүгері собықтары үшін тағы да екі траншея шлакбетонмен шегенделіп жатыр.

Басқа құрылыстарды шегендеу үшін колхозды қамқорлыққа алған № 17 құрылыс тресінің кәсіпорындары дайындаған әрқайсысының көлемі 6 x 1,5 метр құрастырмалы темірбетон плиталарды пайдаланды. Мұндай шегендеудің шаршы метрінің құны 33 сом 72 тыйын немесе сүрлем тоннасымен есептегенде 56 сом 96 тыйын.

Траншеяларды секцияларға бөлетін бөлгіштер шлакбетоннан жасалған. Шлакбетоннан жасалған шегендердің шаршы метрінің құны 24 сом 87 тыйын, ал сүрлемнің тоннасымен есептегенде 42 сом 34 тыйын.

Цилиндрлі орларды шегендеу шлак блоктармен жүргізілді. Шегендер мен жер қабырғаның арасы қалыңдығы 15-20 сан-

тиметр балшықпен тығыздалды, бұл құрылысты сырттан су ағудан сақтайды. Сүрлем орларының іші бізге темірленіп, цемент қосындысымен (бір бөлегі цемент және үш бөлегі құм) штукатурланады. Сүрлем орларының бір бөлегі кірпішпен шегенделеді, кірпіш бір қатармен салынады. Әрбір сүрлем орның бетіне бетон сақйынасы қойылады. Тағудағы күндерде колхоз жүгері собықтарын сүрлеу үшін тағы да жалпы сыйымдылығы мың тонна екі сүрлем траншеясын салуды және шегендеуді аяқтайды. Бұл траншеяларды қабырғаларын шегендейтін материал ретінде біздің жағдайымыздағы ең арзан материал—шлакбетон пайдаланылады. Оның құрамы: бір бөлегі цемент, бір бөлегі құм және 8 бөлегі домнашлактары болады. Траншеяның әрбір текшеметрін шегендеу үшін жұмсалатын материалдар: 0,25 тонна шлак, «200» маркалы 25 килограмм цемент және 0,07 текшеметр құм. Шаршыметр шегендеудің құны 26 сом 12 тыйын, немесе сүрлемнің тоннасымен есептегенде 44 сом 15 тыйын.

Колхозда сүрлем құрылыстарын салу үшін 25 колхозшыдан тұрақты құрылыс бригадасы құрылды.

Көзір колхозда жүгерінің собықтарын сүрлеу үшін 700 тонналық сүрлем құрылысын салу аяқталды. Әрқайсысының диаметрі 3 метр, тереңдігі 3,5 метр, сыйымдылығы 20 тонна 10 цилиндрлі сүрлем орлары салынды. Сол сияқты жүгері собықтарын сақтау үшін сыйымдылығы 500 тонна, ұзындығы 90 метр, кеңдігі 3 метр, тереңдігі 3,5 метр шегенделген

КИНО

„ЭМИРАТТЫҢ КҮЙРЕУІ“

Ленин ордені «Мосфильм» мен Ташкент киностудиясының бірлесіп жасап шығарған «Эмираттың күйреуі» кинофильмінен «Шығыс жұлдызы» деп аталған Бұхар эмирінің тарих дәңгелегін кері айналдырмақшы болған әрекеті көрінеді. Шетел империалистеріне сүйенген Бұхардың эмир бастаған топтары өздерінің үстемдігін сақтап қалуға тырысқан, Өзбекстанда Совет өкіметінің орнауына қарсы күреседі.



«Эмираттың күйреуі» фильмінен кадр.

Жас Совет республикасы азамат соғысының алғашқы жылдарында Антанта жорығының қоршауында болды. Коммунистік партия бастаған революцияшы еңбекші халық, оның Қызыл Армиясы қоршаудың тас-талқанын шығарды. Бірақ, әлі де болса, Қырымда фон Врангель, Бұхарда эмир қалған болатын. Ақгвардияшылар, шетелдердің миссионерлері Бұхар эмирімен бірлесіп, Орта Азияны Совет Ресиясынан бөліп алып, онда жартылай феодалдық құрылымды сақтап қалмақ болады.

Экран аныбағанда шексіз шөл дала, онда керуен тартып бара жатқан кедей шаруалардың мұңды өмірі бірден-ақ көрінеді. Ол барабан үнімен парадқа жыйналып жатқан эмирдің әскерлері, эмир сарайындағы тойды көрсететін жерінісімен ауысады. Бұл эмир Сейіт-Али ханның таққа отырғанының онжылдығына арналған той еді. Тойға түрік сұлтанынан, Афғанстан эмиратынан құттықтаулар келеді. Американд империализмінің агенті Ульфорд, ақгвардияшы генерал Деникиннің полковнигі Осипов эмирді құттықтайды. Тойға түрік офицерлері, дәруіш киімін киіп, басмашыларға қару-жарақ тасып жүрген ағылшын агенті Пейли де көлген.

Өмірдегі ақырғы демін алып, соңғы қызығын мерекелеп жатқан революцияның қас жауларын көрсететін кадр. Ташкентке зырлап келе жатқан поездды көрсетумен ауысады. Онда Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері жалынды большевик М. В. Фрунзе келе жатыр. Ташкентке жақындаған бір разьезде Фрунзеді В. В. Куйбышев қарсы

ли, орыстардан Бұхар халқының ажыраспайтынын, әлі де күресті бірге жүргізетінін айтып, оған тойтарыс береді. Куйбышев пен Фрунзедің жалынды сөздерін, активке қатысушылар қызу қуаттап, революция гимні «Интернационалды» айтады. Дәл осы кезде Куйбышев пен Фрунзеге мылтығын кезенген жау агентін Игнаттың қырағы көзі шалып қалып, оның арам ойын іске асыртып тастайды. Сөйтіп, контрреволюцияшылардың Куйбышев пен Фрунзеге істемекші болған қаскүнемдігі бұл жолы да күйреп, аяқсыз қалады.

Фильмнің сценарийін жазған В. Крепса, режиссерлар В. Басов пен Л. Файзиев кинофильмді жоғары идеялы, мазмұнды етіп шығару жолында көп еңбектенген. Фильмде Орта Азия халықтарының азаттық жолындағы күресі тартымды, әрі нәнымды етіп берілген.

Кинофильмде Фрунзе ролін артист Е. Самойлов орындайды. Ол Түркістан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзедің қарапайымдылығын, революцияға шексіз берілгендігін, тамаша ерлігін өте шебер бейнелеген. Мәселен, ревком үйіне Шерали мен Игнат Фрунзеді іздеп келгенде, ол өзінің жас достарын өз бөлмесіне орналастырады. Бұл арада көруші Фрунзедің тек қолбасшы ғана емес, қарапайым адамдардың әрі досы, әрі қамқоршысы екенін көреді.

Артист В. Краснопольский де Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері Валериан Куйбышевтің образын жасау жолында көп еңбек

қоюмыты әйел болуды арман етеді. Оның бұл ойының орындалатынына экранда көрінбеседе, көрушінің оған көзі жетіп отырады.

Жас артист Г. Юматов қызыл әскер Игнаттың бейнесін дәл өмірдегідей етіп бере білген. Игнаттың сүйген қызы Настенька майдан штабында телеграфистка болып істейді. Артистка Р. Макагонова өз кейіпкерінің образын шынайы етіп бере білген. Бірақ та, кинофильмнің сценарийінде Игнат пен Настенькаға жете көңіл аударылмауы сөбепті, бұл образдар әлі де жетілдірілмей қалған сияқты.

Кинофильмдегі революция жауларының образы да күшті шыққан. Бұхар эмирі артист А. Бакировтың орындауында өте зұлым, өзімшіл, өктем, жауыз жау ретінде көрінеді. Ол өзінің билігін сақтап қалу үшін қандай да болса жауыздық пен зұлымдықты істеуден тайынбайды. Ал, артист В. Балашовтың орындауындағы полковник Осипов шеңкүмар, өз мақсатына жету үшін өзін де және басқаларды да құрбан қылуға әзір адам.

Кинофильмнің операторы Т. Лебешевтің көшпелілік қатысқан көріністерді, фильмнің жеке эпизоттарын көрсетудегі дарынды операторлық ерекшелігі байқалады. Сондай-ақ, фильмнің композиторлары М. Зив, Д. Закиров фильмнің музыкасын күлаққа жағымды, халықтық етіп шығарған. Фильм музыкасында орта Азия халықтары әндерінің ерекшеліктері айқын сезіліп тұрады.

«Эмираттың күйреуі» кинофильмі биік мұқабаның басшысы қызыл жауыз жауыз

Қытай коммунистік партиясының 34 ЖЫЛДЫҒЫ

ПЕКИН, 30 июль (ТАСС). Қытай халқы жеңістерінің ұйымдастырушысы және басшысы—Қытай Коммунистік партиясының құрылғанына 1 июльде 34 жыл толады.

Партияның қатары жұмысшы табының және еңбекші интеллигенцияның өкілдері мен толықтырылуда. Чанкайдың өзінде ғана өткен жылы Компартияға 50 мыңға жуық адам, көбінесе жұмысшылар кірді. Селолық партия ұйымдары ұлғайып, нығайып келеді. Өткен жылы ҚКП қатарына 700 мыңнан аса шаруалар алынды. Қытай деревняларында быыл жаңадан ондаған мың партия ұйымдары құрылды.

Қытайдың Коммунистік партиясына сонымен қатар белсенді қоғамшылар, қытайдың жоғары оқу орындарының үздік оқушылары да кіруде. Кәзіргі уақытта Қытай астанасындағы әрбір жоғары оқу орнында партия ұйымы бар.

Қытай халқы Коммунистік партиясының құрылғанына 34 жыл толуын еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алуда. Қытайдағы тұңғыш трактор зауыдының құрылысы жәнәямай еңбек етуде. Быылғы жылдың бірінші жартысында ҚКП қатарына 500 тандаулы құрылысшылар алынды. ҚКП 34 жылдығының құрметіне елдің көптеген кәсіпорындары өздеріне қосымша міндеттемелер алды. Пекиннің 48 өнеркәсіп орындарының коллективтері жартыжылдық программаны мерзімінен бұрын орындады.

АНАЛАРДЫҢ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

ПАРИЖ, 1 июль (ТАСС). Францияның әйелдері балаларды қорғау жолындағы аналардың таяу уақытта болатын Бүкіл дүниежүзілік конгресіне белсенді әзірленуде, бұл конгресс 7 июльде Лозаннада ашылады. Бүкіл елде конгресске баратын француз делегациясының жолына қаражат жыйнау өткізілуде. «Юманите» газетінің хабарлауына қарағанда, көзірдің өзінде бір миллионнан астам франк жыйналған.

Елдің әртүрлі департаменттерінде әйелдердің таяу уақытта болатын конгресске арналған жыйналыстары өткізіліп жатыр.

ДЕЛИ, 1 июль (ТАСС). Баспасөздің хабарлауы бойынша, Индия әйелдерінің ұлттық Федерациясы балаларды қорғау жолындағы аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне 50 делегат әйел сайлады.

ВЕНА, 1 июль (ТАСС). Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне Австрия әйелдерінен үлкен делегация баратын болады, оның құрамына жұмысшы, шаруа, интеллигенция, көрнекті қоғам қайраткерлері кіреді.

Кипрдегі жағдайға байланысты Англияның Греция мен Түркияға үндеуі

ЛОНДОН, 1 июль (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарлауы бойынша, премьер-министр Иден кеше қауымдар палатасында ағылшын үкіметі «Кипрді қоса, Шығыс Жерорта теңізіне қатысы бар саяси және соғыс мәселелері жөнінде» кеңес өткізу үшін Греция мен Түркия үкіметтеріне өздерінің өкілдерін Лондонға жіберуді ұсынды деп мәлімдеген.

Ағылшын баспасөзі мынаны атап көрсетеді: ағылшын үкіметінің бұл қадамы күтпегендік болып табылмайды. Кипрдегі жағдай Англияның басшы топтарын ертеден-ақ тынышсыздандыруда. Бұрын мәлім болғанындай, аралдың барлық тұрғындарының 80 проценті болып табылатын Кипрдегі грек жұртшылығы Кипрдің Грециямен біріктірілуін талап еткен. Кипрді Жерорта теңізідегі өзінің маңызды соғыс базасы деп қарайтын ағылшын үкіметінің Кипрге тәуелсіздік бергісі келмейді. Соңғы уақытта Кипрде ағылшындыққа қарсы шығу күшейіп отыр. Колониалдық өкімет орындары бір сот процестерінен кейін екінші сот процестерін

өткізіп, аралдағы грек жұртшылығының ұлт азаттық қозғалысын басуға тырысуда.

Ағылшын парламент топтары белгіленіп отырған келіссөздерге Кипр өкілдерінің қатысуы жөніндегі мәселеге зейін қойды. Либералдардың лидері К. Дэвис Англия Кипр жұртшылығымен келесе ме деп сұрады. Депутат-лейбористердің бірі Кипр жұртшылығы бұл аралдың болашағына байланысты келіссөздердің ең басынан бастап қатысатын болуы тиіс деген пікір айтты.

Иден өзінің жауабында бұл мәселенің халықаралық аспектіні ғана атап өтті.

Ағылшынның орталық информация бюросының түсініктерінен мәлім болып отырғанындай, Англия Кипрдің таңдыры туралы мәселені шын мәнінде шешулен жалтару үшін «Шығыс Орта теңізді бірлесіп қорғау» деп аталатынға Греция мен Түркия мүше болып табылатын Солтүстік-атлантикалық одақтың шеңберінде ғана назар аудартуға тырысуда.

Англияда докерлердің ереуілі

ЛОНДОН, 1 июль (ТАСС). Ағылшынның ең ірі порттарындағы докерлердің ереуілі әлі де болып жатыр. Тред-юниондардың британ конгресінің бас советі ереуілді ұйымдастырған жұкшілер мен докерлердің біріккен кәсіподағын (бұл кәсіподақ БКТ-дан өткен жылы шығарылған болатын) тануға мәжбүр болғанымен кәзір ереуілді тоқтатуды талап етуде. Алайда ереуіл көтеруші жұмысшылар өздерінің кәсіподақтарының порттардың әкімшілік орындарымен келіссөздер жүргізуге праволы екендігінің толық танылуына жетісуді көздейді. Рейтер агент-

тігінің хабарлауы бойынша, кеше Ливерпульдің, Беркенхедтің және Гарстолнның 4 мың докерлері қарар қабылдап, онда кәсіподақтар басшыларын ереуілді тоқтатуға және оны ұлғайтуға шақырған. Гульде 800 докер және Манчестерде 600 докер ереуілді жүргізе беруге дауыс берген. Бұл топтардағы митингтерде БКТ лидерлерінің позициясы қатаң сынға алынды. Жүкшілер мен докерлердің біріккен кәсіподағының басшылығы БКТ-ның талабы жайында өзінің қатынасын әлі күнге дейін белгілеген жоқ.

Американд металлургтерінің жаппай ереуілі

НЬЮ-ЙОРК, 1 июль (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің хабарлауы бойынша, 30 июльнен 1 июльге қараған түні АҚШ-та елдің тарихындағы ең ірі ереуілдердің бірі басталып, оған болат балқыту өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподағы мүшелері — 600 мыңға жуық жұмысшы металлургтер қатысуда. Ереуіл жалақыны арттыру туралы кәсіподақтың талабын қанағаттандырудан кәсіп шеле-

рінің бас тартқанынан кейін жарияланды. Агенттік мынаны атап көрсетеді: егер шиеленіс таяу уақыт ішінде реттелмейтін болса және ереуіл бұдан әрі созыла беретін болса, онда ол елдің өнеркәсібінің басқа да салаларының жұмысын, ең алдымен АҚШ-тың болат балқыту өнеркәсібінің барлық өнімдерінің төрттен біріне жуығын пайдаланатын автомобиль өнеркәсібін де шарпыйды.

ЧИЛИДЕ ТРАНСПОРТ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

НЬЮ-ЙОРК, 1 июль (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, Чилидің теміржолшылары кеше ереуіл жариялап, соның салдарынан елдің барлық темір жол линияларындағы жүріс тоқтатылған. Кеше елдің бірінші

ПАКИСТАН ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ БЕЙРУТТАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕЙРУТ, 1 июль (ТАСС). Пакистанның қорғаныс министрі генерал Мохамед Айюб-Хан Түркиядан Карачиге бара жатқан сапарында кеше екі күнге Бейрутқа келді.

«Дейли стар» газеті тілшісінің оның Түркияға барған сапарының мақсаттары

лері Настенька, Игнат, Шералимен де осы арада танысамыз.

Ташкент. Партия активінің жыйналысы өтіп жатыр. Мінбеде Түркістан атқару комитетіне жасырын өзіп кеткен Рысқұлов сөз сөйлеп тұр. Ол Түркістан республикасын орнату керек, одан басқа жол жоқ, орыстар Россиядағы революцияны нығайту үшін, тыныштық орнату үшін өз еліне қайтсын дейді. Рысқұловтың бұл сөзіне шыдамаған кедей шаруа Шера-

лмен. Кунюшев ақраңда партия өкілі, ұйымдастырушы, әрі Фрунзенің жауынгер досы, айнымас ақышшысы ретінде көрінеді.

Жас кедей шаруасы, кейін Коммунист партиясы қатарына өтіп, Бұхар эмиріне қарсы күресті бастаушылардың бірі болған Шерали Якубовтың ролін артист С. Диванов орындайды. Шерали образының басқа образдардан ерекше өзінділігі бар. Ол жас, қарапайым, әлі тәжірибесі аз.

реп, Коммунистік партия бастаған халықтың, оның Қызыл Армиясының тамаша жеңісімен аяқталады.

«Эмираттың күйреуі» атты кинофильм халқымызды Отанды шексіз сүйеге, бейбітшілік жауларына деген көкті ызамен, өшпенділігін одан сайын күшейтуге үйретеді. Бұл фильмді қала жұртшылығы қызыға көруде.

Қ. БАТПЕНОВ,
М. СЕРҒАЛИЕВ.

БАЗАЛАРЫНА ҚАРСЫ

ПЕКИН, 1 июль (ТАСС). Токио радиосының хабарлауына қарағанда, Синагава қаласының (Токио префектурасы) тұрғын халықтары американдық Тапикава соғыс базасының ұлғайтылуына қарсы шығып отыр. Радио былай деп хабарлайды: көше қаланың 400-ге жуық тұрғындары Тапикава базасын ұлғайту жөнінде әзірлік жұмыстары жүріп жатқан жерге жыйналып, бұл жұмыстарға бөгет келтірді.

Сант-Яго мен Вальпараисо қалаларында трамвайлар мен автобус жүргізушілерінің ереуілі басталды. Ереуілшілер жаалақтың арттыруды талап етуде.

ИЗРАИЛЬДЕГІ ЖАҢА ҮКМЕТ

ТЕЛЬ-АВИВ, 30 июнь (ТАСС). Израиль парламенті үш дауыстың қалысуы жағдайында 32 дауысқа қарсы 66 дауыспен премьер-министр Моше Шарет құрған жаңа үкметке сенім білдірді. Үкметтің құрамында — «жалпы сионистер»

туралы қойған сұрағына Аиуб-Хан Пакистан үкметі түрік-ирак шартына зор ынта қойып отыр және Пакистанның бұл шартқа қосылуы туралы мәселені зерттеумен шұғылданды деп жауап берген.

партиясынан басқа бұрынғы кабинеттің үкмет коалициясына кіретін саяси партиялардың өкілдері бар.

Парламентте үкметтік декларация жасаған Шарет, «Джерузалим пост» газетінің айтуына қарағанда, жаңа үкмет «бұрынғы кабинеттің негізгі принциптеріне сүйенетін» болады деп мәлімдеген.

Депутат Микунис мынаны атап көрсеткен: жаңа үкмет Израильдің саяси және экономикалық жағынан АҚШ-қа тәуелділігін бұдан былай да тоқтатпауды есепке алып құрылған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЭМИРАТТЫҢ КҮЙРЕУІ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9-да басталады.

Жазғы кинотеатрда

«АНЯ БЕРЕЗКОНЫҢ МАХАББАТЫ»

Сеанс кешкі сағат 9-да басталады.

ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРКІНДЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЦИРКТИҢ ГАСТРОЛІ

Программада: цирк искусствосының әртүрлі нөмерлері, юмор, сатира, көңілді клоун.

Ойын кешкі сағат 9-да басталады.

Жексенбі күні ойын күндізгі сағат 1-де басталады.

Облыстық «Зоветснабқа» мүліктерді қайта есепке алу ісінің жүргізілуіне байланысты қоймалардың 1 июльден 6 июльге дейін жұмыс істемейтінін хабарлайды.

Петропавл қаласы, Папанин көшесі, 106-үйде тұрушы Лидия Ивановна Рослова Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 76-үйде тұрушы Евгений Григорьевич Рословтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.

Ғылыми-жаратылыстану тақырыбындағы әңгімелер

Күн системасының пайда болуы туралы

Бізді қоршаған дүние қалай пайда болды? Адамдар бұл сұраққа жауапты өте ертеде-ақ іздестіре бастаған болатын.

Көне замандардың өзінде-ақ кейбір жұлдыздардың басқа жұлдыздарға қарағанда орын ауыстырып отыратыны байқалды. Мұндай жұлдыздар планеталар деп аталды. Әрбір планетаға Меркурий, Венера, Марс, Юпитер, Сатурн деген жеке-жеке ат берілді. Кейініректе басқа планеталардан гөрі Күннен алыс, жай көзбен көрінбейтін Уран, Нептун және Плутон планеталары ашылды.

Даньшпан поляк астрономы Николай Коперник астрономия ғылымында аса ұлы төңкеріс жасады. Ол Күн системасының ортасында Жер емес, Күн тұратынын ғылым жүзінде дәлелден берді. Жер көдімгі планета болып табылады және басқа планеталар сыяқты, күнде айнала қозғалады.

Күн системасының пайда болуы туралы тұңғыш ғылыми гипотезаларды белгілі неміс философы Иммануил Кант (1755) пен француз математигі және астрономы Пьер Лаплас (1796) айтқан болатын. Бұл ғалымдар айналаны қоршап тұрған дүниенің өзгермейтіндігі туралы сол кездегі ғылымда үстемдік еткен түсініктерді жоққа шығарып, материяның дамуы туралы идеяны ұсынды. Кант күн системасы ешбір тәртіпсіз қозғалып жүрген заттық бөлшектерден құралған тұтасыз бұлттан табиғи жолмен пайда болды деген тұжырымға келді. Лапластың пікірі бойынша, Күн мен планеталар күшті қызуы бар, әрі айналатын, газды бұлыңғыр тұман түрідегі массадан пайда болған. Ал бұл масса суының, тығыздала келе, барған сайын тезірек айнала берген. Ортадан сыртқа ығыбатын күштің әсерімен оның сыртқы бөлігінен сақылналар бөлініп шығып, бұ-

лардан қоюлана келе планеталар пайда болған. Ал негізгі орталық масса Күнге айналған. Бұл гипотеза, сол кездегі физиканың жеткіліксіз дамуына байланысты, көптеген құрылыстарды (Күннің айналу жылдамдығы, планеталардың пайда болуы және т.б.) түсіндіре алмаса да, осыған қарамастан көңінен әйгілі болып, бір жарым ғасыр бойы қуатталып келді.

Бұдан кейін Лаплас гипотезасын жақсарту әрекеттері сәтсіз болып шықты да, ол өз жайына қалды. Оның орнын басқа гипотезалар басты. Солардың ішіндегі өте-өте көбірек белгілісі ағылшын астрономы Джинстің біздің ғасырымыздың 20-жылдарында пайда болған гипотезасы болды. Бұл гипотезаға сәйкес, қайсыбір кезде аса үлкен бір жұлдыз Күнге өте жақын ұшып өтіп, өзінің тарту күшімен Күннен газ тәріздес заттың ағынын жұлып әкеткен, сөйтіп бұл ағым планеталардың пайда болуы үшін қажетті материал болып шыққан.

Джинстің гипотезасы буржуазиялық ғылымға өте-өте тән. Бұл гипотеза бойынша біздің күн системамыз, олай болса, жер де, оның бөтіндегі тіршілік те мүлде сирек кездесетін, оқыс құбылыс болып шығады, өйткені екі жұлдыздың бір-біріне өте тығыз жақындауын тек оқыс, кездейсоқ жағдайлармен ғана түсіндіруге болады. Айрықша көрсетерлік жағдай сол, нақ осы пікір идеалистік діни көзқарасты жақтаушылар тарапынан қызу қолдау тапты. Жыйырма жылға жуық уақыт бойы Джинстің гипотезасы буржуазиялық баспасөзде және капиталистік елдердің мектептерінде көңінен уағыздалды. Алайда мұқият зерттеу үстінде оның түкке де тұрмайтындығы анықталды. 1943 жылы совет астрономы Н. Н. Парийский оған біржолата қыйрата соққы берді. Ол дәлме-

дел математикалық есепке сүйеніп, күн системасының Джинстің ойлағанындай пайда болмайтынын дәлелдеді.

Диалектикалық материализмді басшылыққа алып отыратын және дүниенің құрылысы туралы, оны танып білуге болмайтындығы туралы сарғуайымшыл көзқарастар өзіне жат советтік космогония принциптік жағынан басқа жолмен дамыды.

1943 жылы академик О. Ю. Шмидт жаңа космогониялық теория жасау жолында жұмыс жүргізе бастады. Ол Жердің және планеталардың, бұрын тоспалданғандай, күшті қызған газ қоймалжындарынан емес, қайта суық, қатты бөлшектердің бірігуі нәтижесінде пайда болғанын көрсетіп берді. Бұл теория қысқаша былай түсіндіріледі.

Жұлдызаралық кеңістікке газ-тозаң бұлттар (бұлыңғыр тұмандар) бар. Олар газдардың (негізінен сутегінің) атомдарынан және өте ұсақ қатты бөлшектерден — тозаңдардан құралады. Жарық жұлдыздардан алыс орналасқан бұлттарда тозаң бөлшектерінің температурасы тым төмен (Цельсия бойынша нольден 270 градустай төмен) және олар негізінен мұз бөлшектері болады. Ал осы мұз бөлшектерінің ішінде азғантай мөлшерде металдар және басқа да элементтер бар.

Бұдан шамасы бес миллиард жыл бұрын Күнді оны айналып жүрген газ-тозаң бұлт қоршайды. Өзара соқтығыса отырып, тозаң бөлшектер бір-бірімен салыстырғанда, барған сайын баяу қозғалады, өйткені олардың қозғалыс энергиясының бір бөлігі соқтығысулар кезінде жылуға айналып отырады. Осының нәтижесінде олар бірте-бірте неғұрлым жұқа қабақ жасай келе, бұлттың орталық жазықтығына қа-

рай жыйнала бастайды. Осы қабақтың ішінде әртүрлі көптеген қойыртпақтар жасалып, кейініректе солардан Жер және басқа планеталар пайда болады.

О. Ю. Шмидтің теориясы күн системасының негізгі заңдылықтарын түсіндіреді. Мүлде әртүрлі қозғалыста болатын бөлшектердің көп мөлшері шеңбер орбитасы бойынша дерлік айналатын планета болып бірігеді. Барлық планеталардың да орбиталары бір жазықтық бойында орналасқан дерлік. Планеталар пайда болғанға дейін газ-тозаң бұлт Күнді қай бағытта айналып болса, планеталар да Күнді және өз осінен сол бағытта айналып қозғалады.

Шмидт теориясы планеталардың не себепті екі топқа бөлінгендіктерін түсіндіреді. Жұртқа мәлім, Күнге неғұрлым жақын Меркурий, Венера, Жер және Марс планеталарының тығыздығы үлкен де (Жердің орта тығыздығы судың тығыздығынан 5,5 есе үлкен), массалары онша үлкен емес. Ал Күннен әлдеқайда алыс Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун планеталары онша тығыз емес (Сатурнның тығыздығы судың тығыздығынан кем), бірақ әлденеше есе көлемдірек болып келеді. Бұл айырмашылық планеталардың құрылысындағы түрліше физикалық жағдайлармен байланысты. Мұның мәнісі сол — алғашқы газ-тозаң бұлттың ішкі бөлектерінде Күн сәулелері қыздырған бөлшектердегі жеңіл ұшпа заттар бұға айналып, ал баяу балқытындары қалып қойып отырған. Сөйтіп тасты және металды ауыр заттардан кішкене планеталар пайда болады.

Бұлттың Күннен алыс бөлектеріне Күн сәулелері өтпейді. Онда абсолюттік нольге жақын температура (нольден 270 градустай төмен) үстемдік еткен. Бөлшектерге көп мөлшерде бұлттары металл аммиак, көмірқышқыл газы, сутегі, су булары сыяқты газдар жабысып қататын болған. Бұл бөлшектерден, негізінен алғанда, жеңіл заттардан құралатын алып планеталар пайда болады.

Бұрын Жер Күннен бөлініп шығып,

күшті қызған газдардан пайда болған, ол ең әуелгі кезде отты-сұйық күйде болып, содан кейін бірте-бірте суыңған және қатайған деп есептеліп келеді. Шмидтің теориясынан біздің планетамыз суық тозаң бөлшектерден пайда болған және ешқашан да балқыған күйде болған емес деген қорытынды шығады. Жердің өсу процесі өте-өте шапшаң болған кезде, оның беті қызып, температура мыңдаған градустарға жеткен. Бірақ бұл ыстық қабақтар қалыңдығы мың километрден асатын суығырақ қабақтармен басылады. Өз дамуының соңғы сатысында біздің планетамыз өте баяу өсті және оның беті суық болды. Жер пайда болғаннан кейін ұран торий және басқа элементтер сыяқты радиоактивті заттардың жарылуы кезінде жылу бөлінуі нәтижесінде Жердің ішкі бөлшектері бірте-бірте қыза бастады. 5 миллиард жыл бойы бұл жылу Жердің терең қойындарын бірнеше мың градусқа қыздырды. Мұндай температурада әдеттегі жағдайларда қандай зат болса да бұға айналар еді. Бірақ Жердің ішкі қойнындағы зат жоғарғы қабақтардың миллионға жуық және одан да көп атмосфералық қысымымен жаншылып, қатты болып қала береді.

О. Ю. Шмидтің теориясы біржолата тынықталып біткен жоқ. Атап айтқанда, планеталардың пайда болу процесінің егжей-тегжейлері әлі анықталмай отыр. Мәселен, өздерінің планеталар пайда болған әуелгі қойыртпақтардың қалай жасалғаны анық емес. Планеталар содан пайда болды делініп жүрген Күннің айналасындағы газ-тозаң бұлттардың өзі қалай пайда болғандығы туралы мәселе әлі шешілген жоқ. Совет ғалымдарының коллективі бұл мәселелерді онан әрі зерттеуде. Табиғаттың аса күрделі жұмбақтарының бірінен соң бірін шеше отырып және идеалистік діни ұғымдарды өшкерелей отырып, советтік астрономия табыспен алға басып келеді.

В. САФРОНОВ.

Физика-математика ғылымдарының кандидаты.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.